

КЕДЕЙЛЕРГЕ БЕРІЛЕР ЖӘРДЕМДІ КОТТЕДЖДЕ ТҰРАТЫНДАР ДА АЛҒАН

Мемлекет әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларды қомқорлығына алуы тиіс, алып та жатыр. Әсіресе баспанамен қамтамасыз ету үлкен мәселеге айналды. Төрт, одан да көп балалы аналар ұзақ сонар баспана кезегінде тұрып, кезектерінің жылжымайтынын ұдайы айтып шағымданады. Жергілікті биліктегілердің бармақ бас-ты, көз қысты әрекеттеріне налыған талай жалғыз басты аналардың әкімдік алдын торуылдап ұлардай шулағанын көріп те, жазып та жүрміз.

Баспанаға зарыққандар көрінгеннің босағасында пәтер жалдап, бес алты баламен құрқылтайдың ұясындай күркешікте күнелтіп жатқандарын, әлеуметтік көмек алу үшін, қағазбастылықтан арылмаған билік өкілдеріне налиды. Нұр-Сұлтан қаласында отқа оранған бес баладан соң республика бойынша ереуілдеген аналар әкім-қаралар мен шенді-шекпенді министрдің және ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың



назарларын өздеріне аудартты. Осының ең басты себебі баспана зары болды. Әрі, кедейшілік шегінің алатын жәрдемақысы 14 849 теңгенің басқа тартсаң аяққа жетпейтінін айтып даурыққан аналар көтерілісінен соң бұқараға мойын бұрған Үкімет әлеуметтік жәрдемақыны әр балға 21 мың теңгеге көтерген-ді. Алайда, құжат рәсімдеуде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев: «Жәрдемақы алушылар тек жеке куәлігімен барса болды. Құжаттар рәсімделеді» деген-ді. Алайда, жергілікті биліктегі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында ұзақ сонар кезекке тұрған әлеуметтік көмек алушылардың құжат жинаудан көз ашпағандарын айтып даурықты. Тіпті, есігінің алдындағы жеміс ағаштары мен аядай жерге егілген көкөністеріне дейін кіріс ретінде санағандарын айтып, көгілдір экранда көз жастарын көлдеткен сюжетті ел ұмыта қойған жоқ. Осы сюжеттен соң еңбек

министрі Бердібек Сапарбаев: «Атаулы әлеуметтік көмекке қатысты түсінбеушілік табысты есептеуден болды. Әсіресе, отбасының малына, егіні мен жиназына байланысты. Біз жергілікті жердегі комиссияға үй-үйді араламаңдар деген тапсырма бердік, себебі ауылдан бастап әр қалада әрбір отбасының кірісі мен шығысына қатысты мәліметтер бар. Егер сұрақ туындаған жағдайда ғана комиссияға сол отбасының үйіне барып, жағдайды өз көзімен көріп қайтуына болады» - деді. Жиһаздан бөлек, тауық пен жұмыртқа да кіріс ретінде есептелмейді, үйіне барып ешкім тоңазытқышын аша алмайды. Алмасы, шиесі, құлпынайы, басқасы бар, жеміс-жидек, көкөніс мұның барлығы санатқа алынбайтынын айтқан-ды. Алайда, аспаннан киіз жауып жатқандай, мемлекет беріп жатқан әлеуметтік көмекті алғысы келетіндер түрлі айла-шарғыларға баруда. Мәселен, Оңтүстік өңірдің Түркістан облысы мен Шымкент қалаларында, ерлі зайыптылар 21 мың

теңгені алу үшін отбасымен ажырасуға дейін барғандарын, ажырасушылардың саны күрт артқанын сот органдары мәлімдеген-ді.

Сәуір айынан бері беріле бастаған атаулы әлеуметтік көмекті ай сайынғы табысы күнкөріс деңгейінің 70 пайызына жетпейтін отбасылар әр балаға 20 789 теңге айырмашылық төленуде. Бірақ, судың да сұрауы барын назардан шығарып алғандар атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін түрлі заң бұзушылықтарға барып, тіпті алаяқтық жасағандарды да анықтаған болатын. Мұндай теріс әрекетті жою үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне атаулы әлеуметтік көмектің берілу тәртібін реттеу жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды тапсырған-ды. Бақылау күшейіп, халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мемлекеттік жәрдемақыны заңсыз алатындардың жазаға тартылатындарын ескерткен Бердібек Сапарбаев: «Үйде жұмысқа қабілеті бар адам болса, міндетті түрде жұмыс істеуі керек» - деп, мемлекеттен жәрдемақы алатын азаматтармен әлеуметтік келісімшарт та жасалды. Шартта көрсетілгендей, белгілі бір уақыттың ішінде жұмысқа қабілетті отбасы мүшелеріне жұмыс ұсынылатыны жазылған. Соған сәйкес жұмысқа тұруы қажет. Міне, осы заңдылықты айналып өткісі келгендер ажырасып кетуді мақұл көріпті. Бұл отбасының табыстарын төмендетіп көрсету үшін жасалған амалдары екен. Заң жүзінде ажырасқан әлгі ерлі-зайыптылар бірге тұрып жатқаны тексеру барысында анықталып, заң бұзушылықтары әшкере болған.

Соңы 2-бетте.



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

КЕДЕЙЛЕРГЕ БЕРІЛЕР ЖӘРДЕМДІ КОТТЕДЖДЕ ТҰРАТЫНДАР ДА АЛҒАН

Соңы. Басы 1-бетте

Бүгінде ерлі-зайыптылар төмен табысты көрсету үшін ажырасады. Күйеуім жоқ, алимент төлемейді, мен жұмыс істемеймін дейді. Негізінде, біз олардың бірге тұратынын білеміз. Мен күйеуім бар ғой десем, ол анда-санда келіп-кетіп тұрады дейді. «Ол келіп-кетіп тұрса, ақша беруі керек қой. Өзінің балаларына ақша бермей ме?» деген сұрақты көлденең тартқан министр атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізу үшін ажырасудың көрсеткіші 7 пайызға жеткенін айтуда. Бұл жатып ішер жалқаудың тірлігі емей не дерсің?!

Естеріңізде болса, Шығыс Қазақстан облысының Ұржар аймағында арғы беттен көшіп келген ағайындар арасында Қытайда қалған балаларының санын тіркеп, Алтын, Күміс алқа алып, мемлекеттен жәрдем алғандардың ісі әшкере болғанын көгілдір экран әлемге жар салған-ды. Міне енді, сол кереғар іс кедейлерге арналған жәрдемақы алатындардың арасында да бой көрсетіп қалуда. Мәселен, «nur.kz» сайтында үш ай ішінде кейбір көп балалы отбасылар өздерінің қаржылық жағдайын жақсартудың арқасында АӨК (атаулы әлеуметтік көмектен) бас тартқаны жазылған. Жәрдемақы алушы алматылық тұрғын жұбайымен бірге көмектен ерікті түрде бас тартуды шешкен. Себебі оның ісі өрге басып, отбасын мемлекеттің көмегінсіз өз бетінше қамтамасыз ету мүмкіндігі пайда болғанын, үш ай бойы 105 мың теңгеден алып отырған отбасы бұл ақшаны шынымен мұқтаж адамдарға жұмсалуды керек деп шешіпті. Міне, біліктілік, көрегендік, қанағатшылық деген осы. Бұған сүйсінгенмен, осыған кереғар, лас тірілік жасап жүргендерге қарап, не жетпейді деген ойға қаласың. Ведомствоның таратқан ақпараттарына жүгінсек, оңтүстікте, елордада кейбір қалалықтар тарапынан атаулы көмекті

артық төлеу, екі есе төлем, нақты табыстарды жасыру және тағы басқа да заңсыз қаражат алу фактілері тіркеліпті. Мысалы, Бостандық ауданында бір отбасының алты адамы үш қабатты коттеджде тұрып, әрі жол талғамайтын көліктері бола тұра, 45 мың теңге табыс көрсеткішін көрсетіп, мемлекеттен 112 мың теңге әлеуметтік көмек алып тұрған. Бұдан өзге Медеу ауданында 18 адамнан тұратын отбасы жеке үйде тұрып,



екі автокөлік және азық-түлік дүкені бар. Бұл отбасы өтінімде 309 мың теңгеге кіріс көрсетілген, яғни 17,1 мың теңгеден келген. Жалған құжат жасаудың арқасында олар 270 мың теңге жәрдемақы алыпты. Міне, ашкөздік, тойымсыздықтың қайда алып баратынын осыдан көруге болады. Енді, бұл отбасылары заң алында жауап беріп, мемлекеттен алып келген жәрдемақыны қайтаруға мәжбүр. Осы бойынша Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және

әлеуметтік бағдарламалар басқармасына хабарластық. Бүгінге дейін Алматы облысы бойынша жұмыспен қамтуға 25000-нан астам өтінім түсіпті. Олардың 23948 жұмыспен қамту әрі қысқа мерзімдегі түрлі курстарға жіберілсе, 40408 отбасының 207 мың 922-сі атаулы әлеуметтік көмекті алып жатқанын айтты.

«Өзге өңірлерде болып жатқан заң бұзушылықтар Жетісу өңірінде жоқ па?» деген сауалымызға орай аудандық

партиясының XVIII съезінде берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында көп балалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен қосымша 5,6 млрд. теңге, соның ішінде, 180 пәтерлі 8 үйдің құрылысына 2,2 млрд. теңге, сондай-ақ 492 пәтерді сатып алу үшін 3,4 млрд. теңге бөлінді. Жалпы облыс бойынша 672 аз қамтылған көп балалы отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. 2025 жылға дейін облыс бойынша 4 704 аз қамтылған көпбалалы отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілмек. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 39,2 млрд. теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда облыс бойынша аймақ кәсіпкерлерінің демеушілік көмегімен 116 көп балалы отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, Талдықорған қаласында көп балалы анаға алты бөлмелі үй тосын сый ретінде берілді. Ал, 125 пәтерлі 2 үй салына-да. Сондай-ақ, 100 пәтерлі коттеджді қалашық тағы салынауда. «Бүгінге дейін 20-дан астам көп балалы аналарға пәтер кілті берілген. Алла сәтін салса, жыл аяғына дейін құрылыс қарқынды жүрсе 125 пәтерлі үй көп балалы аналарға берілетін болады», - дейді Талдықорған қаласы әкімнің баспасөз хатшысы Данияр Жаныс. Бұдан бөлек, Талдықорған өңірі бойынша «Ел үлесі пәтерде» айдарымен имандылық үйлерінің ұйымдастыруымен 36 көпбалалы жанұя баспаналы болған.

«Бай – Құдай болсам, кедей – бай болсам» деген мына заманда шынында кедейшіліктің деңгейінде күн кешіп жатқандар атаулы әлеуметтік көмекті алуға мүдделі. Алайда, табыс көздерін жасырып, баспаналы бола тұра, астарында жол талғамайтын көлік мініп, жеке дүкені барлар мемлекеттен жәрдем алып, ашкөзденіп тұрса, «қарныңның ашқанына емес, қадіріңнің қашқанына» налисың.

Айтақын МҰХАМАДИ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ БАСТЫ МӘСЕЛЕ



Сарыжаз ауылдық округінде мал азығын дайындау науқаны басталды. Айта кетерлігі, игілікті іске аталған елді мекен тұрғындары алғашқы болып кірісті.


Сарыжаз ауылдық округінің әкімі Медет Азанбаевтың айтуынша, округ бойынша 6638 бас ірі қара, 29866 қой-ешкі, 3617 бас жылқы өсірілуде. – Шабындық жер 2300 гектарды құрайды. Биыл жалпы 18638 тонна мал азығын дайындау жоспарда. Оған мүмкіндігіміз жетеді, – дейді ол.

Мәлік Жүнісбеков басқаратын «Байсерке» шаруа қожалығындағы 64 гектар жерге шалғы түсті. Мал азығын дайындау жайы жаман емес. Қожалықтың 10 гектар арпасы өсіп келеді. Жалпы, шабындық, егістік, жайылымдық алқаптарын қосқанда барлығы 350 гектар жері бар.

– Көптен күткен сындарлы науқан басталып кетті. Биыл 200 тонна мал азығын дайындауды көздеп отырмыз, – дейді қожалық жетекшісі.

Аталмыш қожалық соңғы жылдардан бері қарай мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасымен жұмыс жасап келеді. Мұнда ет бағытындағы «Герефорд» тұқымды ірі қара өсірілуде.

Қанат БІРЖАНСАЛ



«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ОБЛЫСЫМЫЗДА E-ZHETYSU.KZ ПОРТАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.

ЖАҢА ПОРТАЛ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бұл туралы облыстық әкімдік жанындағы «Жетісу – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінде өткен жиында мәлім болды. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Серікбай Нұрғисаев іске қосылған портал турасында кеңінен ақпар берді. Оның айтуынша, портал арқылы мекетепке дейінгі балалар ұйымдарына кезекке қоюды жеделдетуге мүмкіндік бар. Ал порталды әзірлеуде облыс бюджетінен 58 млн. 181 мың теңге бөлініп, игеріліпті.

Бүгінгі таңда аймақ бойынша 1169 мектепке дейінгі балалар ұйымы жұмыс істейді. Енді кез келген елді мекенде балабақшадан орын жетіспеушілік салдары туындамайтын болды. Сонымен қатар аталмыш портал көмегіне жүгініп өтініш, талап-тілектер, мен балалар кезегін қадағалап отыру мүмкіндігі зор екен.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚЫЛМЫС

ЕСІ КЕТКЕН ЕСЕК ҰРЛАЙДЫ



Ұйғыр ауданына қарасты Үлкен Диқан ауылынан білгісіз біреу жайылымда жүрген 10 есекті ұрлап кеткен.

Тұрғындардың дер кезінде жергілікті полицияға жүгінуі қылмысқа қатысты деген тұлғаны анықтады. Ол Шонжы ауылының 30 жастағы тұрғыны болып шықты. Сондай-ақ, ұрланған малды сатып алушы да белгілі болып, қолды болған жануарлар өз иесіне қайтарылған.

Қазіргі уақытта есек ұрлаған қылмыскердің өзге де қылмысқа қатысы бары анықталуда.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БРИФИНГ ПО ИТОГАМ ПОЛУГОДИЯ

В Специализированном межрайонном экономическом суде по Алматинской области исполняющий обязанности председателя суда Б.А. Кожахметов провел брифинг по итогам 6 месяцев 2019 года в котором приняли участие представители СМИ области.

Отвечая на вопросы журналистов, председатель суда отметил, что правосудие в РК основано на принципах открытости и гласности судопроизводства. В соответствии с данными принципами разбирательство дела во всех судах и на всех стадиях процесса проводится в открытых заседаниях. Эти принципы являются не самоцелью, а средством формирования позитивного общественного мнения о деятельности судебной системы.

Так за 6 месяцев 2019 года судом рассмотрено 2009 гражданских дел из них с вынесением решения 1383 дела, с вынесением судебного приказа 24 дела, направлено по подсудности 51 дела, с прекращением 188 дела и 363 без рассмотрения.

По применению примирительных процедур судом за указанный период времени прекращено в связи с соглашением об урегулировании спора в порядке медиации - 92 дела, и с заключением мирового соглашения - 14 дел.

В соответствии с требованиями времени судом активно используется в работе информационный

сервис «Судебный кабинет», посредством которого в суд поступило 1242 заявлений, рассматриваемых в порядке гражданского производства, что составляет 70% от общего числа поступивших заявлений.

Судебные процессы в суде проводятся с использованием аудио-, видеозаписи, что в свою очередь, дисциплинирует участников судебного заседания и уменьшает количество необоснованных жалоб на действия судей. Достаточно написать соответствующее заявление о выдаче копии аудио-видеозаписи судебного заседания и можно просмотреть весь судебный процесс. Для участников судебного процесса проживающих в отдаленности предусмотрено участие через мобильное приложения «Виртуальный суд» направив в суд ходатайство об участии в судебном заседании путем использования видеоконференцсвязи /TrueConf/.

В суде на постоянной основе ведется работа со средствами мас-



совой информации. Всего за 6 месяцев 2019 года судом опубликовано в республиканских и районных средствах массовой информации 58 статей.

В ходе брифинга Б.А. Кожахметов отметил, что и в дальнейшем будут приниматься все необходимые меры по улучшению качества отправления правосудия, укреплению гарантий независимости и эффективности судебной системы страны повышению имиджа судебной власти.

Ш. ХАМИТОВ

Каждый лес нуждается в защите от всех бедствий: наводнения, загрязнения человеком, эпидемий животных и растений, селевых потоков, бури, оползней. Больше всего разрушений приносят лесные пожары, уничтожающие порой весь массив за несколько дней. Даже совсем небольшое возгорание сухой травы в несколько часов обращается неконтролируемым бедствием.

ОХРАНА И ЗАЩИТА ЛЕСОВ ОТ ПОЖАРОВ

Для борьбы с лесными пожарами в РГУ «Жонгар-Алатауском» ГНПП Лепсинском филиале имеется лесопожарная станция 1 типа, которая укомплектована противопожарным инвентарем. Работники противопожарной службы готовы выехать по первому сигналу на возгорание. Гос инспектора ведут ежедневное патрулирование по территории и наблюдение на высотных точках, при высоком классе пожарной опасности (4,5) ограничивают посещение туристов и местных жителей. В офисе филиала ежедневно ведут дежурство специалисты, отрабатывают радио связь по участкам, согласно утвержденным графиком дежурств. Проводятся плановые противопожарные мероприятия: уход за противопожарными минерализованными полосами, ремонт противопожарных дорог, и пожарных водоемов. Прогнозирование пожаров – это мероприятие направлено на выявление времени возможно возникновения пожара. Для его определения берутся данные сухости и влажности воздуха, психрометра. Лесные пожары – серьезная

опасность не только для животных и растительности этой территории, но и для населения, проживающего неподалеку. Самое страшное стихийное бедствие может окончиться огромным уроном для экосистемы леса, которая будет восстанавливаться много лет. Наказание за несоблюдение техники пожарной безопасности влечет за собой административное наказание, согласно статье 367 п.3. на физических лиц в размере ста, на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства - в размере двухсот пятидесяти, на субъектов среднего предпринимательства - в размере четырехсот, на субъектов крупного предпринимательства - в размере тысячи пятисот месячных расчетных показателей.

Нам надо вдвойне стараться, чтобы природа нашего общего дома не только сохранилась, а становилась все изобильнее и краше. Сохраним природу – сохраним жизнь на Земле.

Р. БАХТИЯРОВ,
начальник ЛПС РГУ «Жонгар - Алатауский» ГНПП Лепсинский филиал

СОТРУДНИКАМИ ДЧС АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА ОЗЕРЕ АЛАКОЛЬ ПРОВЕДЕН ПРЕСС-ТУР

В САМЫЙ РАЗГАР КУПАЛЬНОГО СЕЗОНА СОТРУДНИКИ ДЧС АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОРГАНИЗОВАЛИ ОБШИРНОЕ ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЕ МЕРОПРИЯТИЕ НА ПОБЕРЕЖЬИ ОЗЕРА АЛАКОЛЬ.

В ходе мероприятия на побережье озера, в селах Акши и Коктума отдыхающим разъяснялись правила безопасного поведения на воде, проводились профилактические беседы, обучающие мастер-классы и раздавались памятки. В местах массового скопления людей спасателями продемонстрированы элементы спасения и оказания первой медицинской помощи утопающим.

Также в рамках профилактической акции спасатели посетили летний лагерь «Шагала» в селе Коктума, где на отдыхе находится 60 детей. Дети 2 раза в день, под контролем спасателей и персонала лагеря купаются в озере. После проведения очередного инструктажа сотрудниками областного аппарата ДЧС, и определения не умеющих плавать детей, повели на озеро и обучили навыкам плавания.

Озеро Алаколь – соленое бессточное озеро, расположенное на Балхашско-Алакольской низменности, что находится на границе Алматинской и Восточно-Казахстанской областей, в восточной части Балхаш-Алакольской котловины. Это единственное в мире озеро с черным пляжем из хо-

год. По старым сказаниям, озерная вода наделена волшебной силой, помогающей снимать усталость, нервность, справляться с болью в суставах, она дарит прекрасное настроение и хорошее расположение духа. Отдыхающие уже давно подметили, что если как следует отдохнуть на Алаколе летом, организм лучше противостоит сезонным инфекциям в холодное время года. На данный момент усиленно развивается транспортно-логистическая инфраструктура края. Построен аэропорт, ведутся капитальный ремонт дороги республиканского значения.

Число желающих отдохнуть на озере увеличивается из года в год, спасатели спасательной станции Алакольского региона в период купального сезона переходят на усиленный вариант несения службы, ежедневно в четырех направлениях выставляются выдвигные спасательные посты.

Спасателями Алакольского региона в этом году спасено 16 человек, в том числе один ребенок, летальных случаев с гибелью людей на Алаколе не зарегистрировано.

Основными причинами несчастных случаев на воде являются:

- несоблюдение правил безопасности на воде;
- купание в непредназначенных местах и в нетрезвом состоянии;
- оставления детей без присмотра;
- неумение плавать или недооценка своих сил.

Профилактические беседы такого рода сотрудниками ДЧС области проводятся ежедневно, проводятся рейды по местам отдыха – как официальным, так и несанкционированным, такие как мосты, причалы и пирсы. А также, в целях повышения эффективности по обеспечению безопасности на водоемах сотрудниками ДЧС Алматинской области проводится ряд профилактических мероприятий: выступление на телевидении, радио, публикация материалов в печатных СМИ, выпускаются предупредительные строки по бегущей строке, показываются видеоролики на LED - экранах.



рошо окатанной гальки и гравия. Насыщенный, чистый степной воздух и прозрачная вода, красивые закаты, яркое солнце и целебные свойства воды притягивают все больше туристов из года в



СЕГОДНЯ В ДЕПАРТАМЕНТЕ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ СОСТОЯЛОСЬ НАГРАЖДЕНИЕ АЛМАСА РЫЙЗАБЕКОВА СПАСШЕГО ПРИ ПОЖАРЕ ТРЕХ ДЕТЕЙ.

ПРОШЛА ЦЕРЕМОНИЯ НАГРАЖДЕНИЯ ГЕРОЯ

Утром 26 июня 2019 года, проходя мимо жилого дома в селе Карабулак Ескельдинского района, Рыйзабеков Алмас 1994 года рождения, увидел, что горит жилой дом, о чем сразу сообщил в ДЧС Алматинской области на телефонный номер 101.

До прибытия пожарного подразделения, услышав крики детей, юноша бросился в горящий дом, разбив окна, вынес из пожара троих детей, оставшихся без присмотра взрослых: девочек 2005, 2017 годов рождения и мальчика 2012 года рождения.

За мужество и самоотверженность, проявленные при спасении детей временно исполняющий обязанности начальника ДЧС Алматинской области полковник Тураров Сериккан Женисович вручил ведомственную награду, медаль «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» (награжденный приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан №368 от 09.07.2019 года) и отметил: «Не каждый взрослый мог мы сделать то, что сделал Рыйзабеков Алмас. Мы рады, что среди жителей нашей области есть такие герои, которые в трудную минуту, рискуя собственной жизнью, готовы прийти на помощь. Желаем вам крепкого здоровья и семейного благополучия!».

Также за мужество, проявленное в спасении детей при пожаре и добросовестное исполнение гражданского долга благодарственным письмом министра награждена мама героя Алдабергенова Алия-Кенжебаевна.



Пресс-служба ДЧС Алматинской области

ТҮЙТКІЛ

НЕСІБЕНДІ

ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН НЕСИЕ АЛЫП БАЙЫП КЕТТІМ ДЕГЕНДЕРДІ ҚҰЛАҚ ШАЛМАДЫ. ҚАЙТА, НЕСИЕ НЕСІБЕМДІ ЖЕП ЖАТЫР ДЕГЕН ЕЛДІҢ КҮҢКІЛ СӨЗІ МЕН РЕНІШІ ЖИЛЕП БАРАДЫ. НЕСИЕ АЛЫП, ОНЫ ҚАЙТАРА АЛМАЙ АУЗЫ КҮЙГЕНДЕР: «ОСЫДАН ҚҰТЫЛСАМ, ЕНДІ НЕСИЕ ДЕГЕН ПӘЛЕГЕ ЖОЛАМАСПЫН» ДЕП ОЙЛАЙДЫ. АЛАЙДА, ОДАН ҚҰТЫЛҒАНЫМЕН, ДҮКЕННЕН БІР ЗАТТЫ ҰНАТА ҚАЛСА, ЕНДІ СОНЫ ҚАРЫЗҒА АЛҒЫСЫ КЕЛІП ТҰРАТЫНЫН ҚАЙТЕРСІҢ?! БІР СӨЗБЕН АЙТСАҚ, НЕСИЕ НЕСІБЕНІ ЕСЕЛЕМЕСЕ ДЕ, ОНЫ АЛУ ӘДЕТКЕ АЙНАЛЫП БАРАТЫНЫ ШЫНДЫҚ.

Бүгінгілердің шай үстіндегі әңгімесі де ақшаға келіп тіреледі. Бірі несие алудың жолдарын айтып күңкілдесе, енді бірі оны төлеудің машақаты туралы сыр-шертисетін болды. Бірақ, ендігі жұрт несиесіз отыра алмайтын дәрежеге жетті. Ешкімге несиеге жолаушы болма деп айта алмайтының тағы ақиқат. Себебі, әркім өзіне қажеттісін несие алумен шешетінін жақсы білеміз. Бұл банктер үшін тиімді болғандықтан, олар несиені оңды-солды оңай береді. Ал ақшаны қатты қажетсініп тұрған адам оның пайыздық үстемесіне қарамай-ақ, тегін бергендей ала салады. Бірақ, мұның арты еш жақсылыққа апармайтыны анық.

Экономист мамандардың айтуынша, несие – ақша табудың жақсы тәсілі. Дегенмен, оны қайтаруды да ұмыт қалдырмаған жөн.

«Ана Гүлсім келіннің сөзін тыңдап, төбе шашың тік тұрады. Несие алмай-ақ күн көріп едік десем, онсыз болмайды апа, «несие деген бүгінгілердің әкешесі ғой» дейді. Өй қарағым, оның да қайтарымы бар емес пе десем, соның арқасында барлық керек-жарағымызды шешіп отырмыз ғой деп бой берер емес» – деп налыған апаны да көрдік.

Соңғы уақытта банк жүйесінде жаңа өнімдер көбейді. Ендігі таңда сіз банктен тек ақшалай емес, карточка аштырып та қалаған дүниенізге қол жеткізе аласыз. Дерек көзіне жүгінсек, ел ішінде ең жақсы банк деп бағаланған «Kaspi Bank» АҚ Қазақстан Республикасы екінші деңгейлі банктерінің арасында кредит портфелінің көлемі бойынша бірінші орынды иеленіпті. Ал, 2017 жылдың шілде айындағы мәлімет бойынша Kaspi экжүйесіне еліміздегі азық-түлік емес тауар айналымының шамамен 20 пайызы тиесілі екен. Бүгінде халықтың басым бөлігі бұл банктен ақшалай несие ғана емес, оның өнімін пайдаланып келеді. Атап айтсақ, Kaspi Gold – дебеттік карта. Алғашында жалақы жобасы аясында ғана шығарылса, 2017 жылдың 1 наурызынан банк аталған картаны барлық жеке тұлғаларға береді. Ал, Kaspi Red – серіктес -дүкендердің тауары мен қызметін шектеулі лимит аясында бөліп төлеуге мүмкіндік беретін карта. Өнім 2016 жылдың 18 тамызында іске қосылды, 2017 жылдың маусым айындағы мәлімет бойынша Қазақстанның ірі 5 қаласында ай сайын 130 мың рет сауда жасайтын 115 мың карта ұстаушы бар екені анықталыпты. Бұл дегеніңіз, бүгінгілер киім мен азық-түлікті де несиеге алатын жағдайға жетіп отырғандығын көрсетеді. Несие алудан алдына жан салмайтын көршімнің айтқаны бар: «Енді нанды да несиеге алатын болдық».

Рас, қазір екінің бірі несиеге тәуелді. Неге? Бұл тұрғыда Әнуар есімді азаматтың пікіріне құлақ түріп көрдік. Ол несие алу деген – экономикалық сауатсыздық деп топшылайды. Оның айтуынша, біздің нарыққа кіргенімізге жүз жыл бола қойған жоқ. Ал, ата-бабаларымыз төрт мың жыл нарықты шектеп келген, табалдырықтан



аттатқызбаған. Бірақ, бәрібір тәуекел түбі желқайық деп нарыққа есігімізді айқара ашыппыз. Салдарынан, жиырма жыл болса да біз нарық туралы нақты түсінігімізді қалыптастыра алмағанымызды айтады. Бірақ, ол нарықтың есігімізден аттап кіруін кемшілігіміз емес, артықшылығымыз деп қабылдау керек дегенді меңзейді. Себебі, әлемнің 70 пайызға жуығы осы нарық жүйесімен жүргендіктен, қатардан қалып қоймау да басты заңдылық. Осы жерде қаржылық сауаттылық деген дүние қылаң береді. Бүгінгі қоғамымызда қаржылық сауаттылық та төмен. Неге десеңіз, біз осы уақытқа дейін коммунистік қоғамда өмір сүріп келдік. Ол қоғам ең алдымен мұралықты, адамдықты басты орынға шығарған. Нарықта экономикалық сауаттылық үстем тұрады. Яғни, бүгінгілер осы бағытта кез келген отбасымен жұмыс жасауы тиіс. Егер отбасындағы адамның экономикалық сауаттылығы әлсіз, жеткіліксіз болса, ол өзгелердің құрбанына айналады-мыс. Қаржылық сауаттылықты жетілдіруді отбасы-ошақ қасынан бастау жөн деуі де көңілге қонымды ма дейсің?!

Қалай десек те, нарықта түрлі ойыншылар көп. Олардың түпкі мүддесі пайда табуды көздейді. Ал саяси-экономикалық сауатсыздық жайлаған қоғам олардың баю мүмкіндігіне жол ашқандай ма, қалай?!

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, несие – ақша табудың жақсы тәсілі екені рас па? Бұл туралы экономика ғылымының докторы, профессор Гүлжамал БЕГІМБАЙҚЫЗЫ не дейді: «Тарихи тұрғыдан алсақ, несие - тарихи экономикалық категория. Жалпы, тауар өндірісі бар жерде несиенің бар болуы заңды. Әлбетте, бірден ақшалай болды деп айту қиын. Жалпы, біздің бір қателігіміз, осы тауарлы ақша қатынасын дұрыс түсінбегеніміз болып отыр. Оған жете көңіл бөлмедік, мойындамадық. Шындығында, бұл категориялардың дерпігін: ақша яки тауар, тұтыну құны болсын нақты, дұрыс қолдануымыз қажет еді. Өткен ғасырдың әдебиетіне үңілсек, онда былай делінген: біздің балаларымыз тек қана қағаз жүзінде ғана оқиды. Ақша деген

болмайды, барлығы өз қажетінше ала береді деуі, тауарлы ақша қатынасын дұрыс қолданбағанымыздың, дағдарыс, экономиканың тоқырап қалуының бірден-бір себебі деуге болады.

Қаржылық сауаттылыққа баланы балабақша жасынан үйрету қажет. Әр бала үстіне киетін киімнің қандай ақшаға келгенін, қандай еңбекпен табылғанын, оны қалай күтіп кю керектігіне дейін сіңіріп өсуі заңды дер едім. Қаржылық сауаты жоғары бала өскенде ақшаға құнды дүние деп қарап, несие жайлы да өзіндік көзқарасы қалыптасары анық.

Өзіңізге белгілі қазіргі қоғамда тұтынушылық несие мен ипотекалық несие кеңінен өріс алып тұр, ал, адамдардың басым бөлігі тұтыну несиесіне көбірек жүгінеді. Мұның себебін ашып айтпасақ та, түсінікті. Бірақ, маман ретінде несие, оның ішінде тұтынушылық несиені алудың тіпті де қажеті жоқ екенін баса айтқым келеді. Неге? Мәселен, 1 млн. теңге несие 50 пайызбен рәсімделген болса, онда жыл соңында 1,5 млн.теңге қайтару керек болады. Ал егер 3 жылға алсаңыз үстінен қайтаратын соманың өзі 1,5 млн. теңге болып шыға келеді. Ол қаражатты қаржы мекемесіне үстемелеп қайтарғаннан гөрі, отбасыңыздың қажеттілігіне, бала-шағаңызға жұмсағаныңыз әлде қайда тиімді емес пе?! Негізінде, несиені алу керек жағдайлар болады. Мәселен, егер сіз кәсібіңізді дөңгелету үшін алсаңыз, мол табыс көзін табу арқылы қарыздан құтылуға да мүмкіндік зор.



Мұны мен маман ретінде айтқаныммен, кәсіпкерлер тарапы алғашқы қадамды несие алудан бастамаған жөн деген пікірде. Неге десек, алғашқы кәсіп банкротқа ұшырамасына кім кепіл?! Ендеше, тәуекел етудің де қажеті жоқ. Егер мемлекеттік қызметкер немесе жалақысы орта деңгейдегі жұмысшы болсаңыз, онда тәуекелге тіптен бармағаныңыз абзал. Себебі, тұтынушылық несиелердің пайызы жоғары болғандықтан, нәтижесінде қаржылық тұрақсыздыққа әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

Банктің негізгі көзі несие болғандықтан, халыққа несие алдыру үшін кез келген әрекетке баратыны сөзсіз. Түрлі жеңілдіктері, бонустары, төменгі пайыз деп жарқыратып көрсеткен жарнама қағаздары арқылы елдің санасын жаулап алады. Олардың басым бөлігі комерциялық пайда табуды ғана көздейтіні де белгілі. Бар ойы қалайда несие алуды көксеген адам жоғары пайыздық үстемемен алған несиесін артынша қайтара алмай, банк алдында берешек болып жүргені де жасырын емес. Осы тұста басты айтар мәселе, қазақтың басым бөлігі несиені той жасау үшін алатындығы. Әлбетте, алсын дейік. Бірақ, алмақтың да салмағы болатынын естен шығармасақ екен дейсің».

Шынында, несие – той өткізудің бірден бір қаржы құралына айналғалы қашан? Банктен қыруар қаржы алып, артынша төлей алмай, жылап, сықтап жүргендер санын саусақпен санай алмайсың?! Мәселен, шетелдік банктердің қазақ-стандықтардың үйлену тойына жұмсалатын қаржысы туралы зерттеу жүргізгені естеріңізде болар. Есептеу көрсеткіші бойынша олар орташа есеппен бір тойға 2 миллион теңгеден астам қаржы жұмсайтыны анықтаған болатын. Бұл тұста экономистер де қазақстандықтарға той өткізуді доғару қажеттігін ескерткен-тін. Қалай дегенмен, әр адам банктің қайырымдылық қоры емес екенін есте ұстаған жөн економ.

Несие жайында ой өрбіткен банкиер ғылымдарының докторы осы күнге дейін несие алып көрмегенін, тіпті жүгінбейтінін айтады. Оның сөзінше, адам өз тапқан қаржысына сеніп, соның айналасында ғана тіршілік жасауы абзал. Біреуден

НЕСИЕ ЖЕП ЖАТҚАН ЖОҚ ПА?

қарыз алып, берешек болғанша, азды қанағат еткен дұрыс дейді ол.

Мамандар пікірінше, несие алмас бұрын әр банкке кіріп, танысу абзал. Сонымен қатар жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеменің қандай екенін аңғару да маңызды. Ең бастысы көшедегі жарнамада көрсетілген пайыз сандарына сеніп қалмаған дұрыс. Бар мәліметті қаржы менеджерінен тәптіштеп сұрап алған жөн.

уақытысында оны қалай төлеймін деп бас қатырасыз. Бұл таза қаржылық күйреуге әкеп тірейді. Ал қаржылық күйреу отбасылық күйреуге алып келеді. Бір емес, мың отбасының күйреуі қоғамдық наразылыққа алып келетінін ескере бермейтініміз де өкінішті жайт.

Байқап қарасаңыз, қай банктің болмасын жарнамасы айқайлап тұр. Ол жарнамаларын оқысаңыз бәрі де



Алматы облыстық қазынашылық департаменті басшысының орынбасары Жандос СҮЛЕЙМЕНОВ банкке жүгінетін тұрғындар несие аларда оның келісім-шартын мұқият оқып шыққаны дұрыс дегенді меңзейді. Расында да, осы бір шартты қағазды оқымағандықтан, көп жағдайда түсінбеушілік жағдай ушығып жататыны анық. Сондай-ақ, Жандос Оралбайұлы адам еріккеннен несие алмайтынын, ал алуға зәрулік туындаған жағдайда өз жағдайыңды толық жоспарлап алу қажет дейді. Яғни, алған несиені өтей аламын ба, ненің есебінен қайтарамын деген тәрзіді. Өз сөзінде әр адам шамасына қарай іс қылуды ойлаған жөн екенін жасырмады.

«Қаржылық сауаттылығы төмен болған жағдайда, адам ешқашан ақшасын жинай алмайды. Негізінде, әр отбасының өзіндік қоры болуы тиіс. Мәселен, сіздің жылдық тұтынуыңыз 1 миллион теңге болса, қорыңызда тағы сондай 1 миллион теңге болуы қажет. Ал несие деген банктен уақытша ақша алып, оны ақырындап қайтару. Яғни, өзің алғанға үстемелеп қосып төлеу ғана, – дейді ол.

Қазақта: «Көтере алмайтын шоқпарды бөліңе байлама» деген сөз бар. Ендеше, несие рәсімдеудің алдында қаржылық мүмкіндіктерді саралап, салмақтап алу аса қажет. Несие түсінігі біздің елге жаһанданумен бірге жетті дейміз. Алайда, біз несиенің тиімді, тиімсіз жағын неге ашып айта алмаймыз? Кей мамандар мұны да қаржылық сауаттылығымыздың кемшін екендігімен түсіндіреді. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылықтың жоқтығы қаржылық күйреуге әкеп тірейтінін де ескере бермейміз. Мәселен, банк сізге 1 миллион теңге несие берді делік. Ал сіз ешқандай жоспарсыз, мақсатсыз ол ақшаны алып аласыз. Бірақ, қайтарар

шеттерінен халыққа жаны ашығыш болып көрінеді. Мәселен, «Сіз үшін тағы не істей аламыз?» деген «Каспий банк» жарнамасын алайық. Құдды бір қайтарымсыз ақша беретіндей, бұған кәділгідей ойланып қалатынымызды несіне жасырайық. Алайда, бұл банк те үстемесі ең жоғарғылардың санатынан екенін ескере бермейміз. Ал, несие алуға мұқтаж адам үшін 17-18 пайыз деген түк емес болып көрінгенімен, артынша банктерге деген өкпесін айтып жатады. Аузы күйген халық үріп ішеді, аузы майланған банк жеңін түріп ішеді деген осындайда айтылса керек-ті.

Қазіргі таңда, несие беретін екінші деңгейлі банктерден бөлек компаниялық құрылымдар да бой көрсете бастады. Солардың бірі «Жылдам ақша жүйесі» деп аталады. Бұл компанияның жұмыс жасағанына көп бола қоймаса да, қазіргі таңда әр қаладан өз бөлімшелерін ашып үлгеріпті. Жиырма минут ішінде кепілдіксіз несие беретін компанияның «Zaksha.kz» ресми сайтында: *«Біздің мақсатымыз – жедел түрде ақшаға мұқтаж болған тұтынушыларға көмек көрсету. Біз кепіл, анықтама және кепіл берушісіз бір мезеттік қолма-қол несиелер береміз. «Жылдам ақша» бір мезетте несие беру нарығына бірінші болып келді. Біздің компаниямыз Қазақстан үшін бірегей өнімді нарыққа шығарды – ол 20 минуттық жылдам несие. Біз жылдам несие беру саласындағы халықаралық тәжірибені мұқият зерттеп, Қазақстанның мұқтаждықтары мен ерекшеліктерін ескердік»* деп жазылыпты. Компанияның қызметі дәл сайттағы сөздердей сенімді ме деген оймен орталықтағы дүкендердің бірінде орныққан бөлімшеге бас сұғып көрдік. Ішке кіргеннен-ақ байқағанымыз, мұнда да кезек күтіп тұрған адамдар легі. Бұл жердегілердің де әңгімесі сол:

бірі баласының оқуын төлей алмай несие алуға келсе, енді бірі құда күту үшін тез арада ақша керек болып тұрғаны дейді. Ал тағы бірінің сөзін естіп тұрып, жылағың келеді. Неге десеңіз, кредитін төлеу үшін кредит алуға келіпті. Айтуынша, Каспий банктен кредит алып үстемесі өсіп кетіпті. Амалсыз осы «жылдам ақшаға» жүгінуге тура келген.

Бұл жерге ешкімнің жетісіп келмесі анық. Бәрі де сол бала-шағаның қамын күйттеп, жан бағып жүрген жандар. Бәрінің айтары бір сөз: «пайызы төмен несие берілетін күн туа ма бізге?!»

Жиырма жастан алпыс жас аралығындағы тұрақты жұмысы бар адамдар «жылдам ақшадан» айлық табысына қарай 10 мың мен 100 мың теңге аралығындағы несиені ала алады екен. Алған соманы он төрт күн аралығында 28 пайыз үстемемен қайтару керек. Ал он төрт күннен асып кетсеңіз, күніне тағы үш пайыздан қосылмақ. Сонда бір айға 50 пайыздың үстіне шығып тұр. Ойлап қарасаңыз, үстемелері масқара. Бұл дегеніңіз, халықты таза қанау ғой. Өкініштісі сол, жылдам ақша аламын деп тұрғандардың дені қазақ. Ал кредит керек еді деп тұрған өзге ұлт өкілін байқамадық.

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, несие беруші әр компанияның жарнамасы жер жарады. Бұл компанияның сайтына кіргенімізде оқығанымыз да сол сарынды сөздер. «Емделуге ақша қажет пе?», «Банктерді аралап табаныңды тоздырдың ба?», «Бізге кел!» – деген жанашырлық кейіпте жазылған жарнамалардан көз сүрінеді. Бірақ, «кепілдіксіз берілетін ақша кепіл бола ала ма?» деген сауал туады санада.

Америкалық жазушы Фаррах Грейд қарыз бен кредит жайлы біржақты жаман пікірде болмау керек депті. Ол қарызды екіге бөліп қарастырады. Біріншісі – жаман қарыз, екіншісі – жақсы қарыз. Айтуынша, «жаман қарыз» деген мақсатсыз алынған, артын ойламай,



ешқандай табыс әкелмей жұмсалып кететін қарыз. Ал «жақсы қарыз» туралы ол былайша түсіндірген: *«Таныс жігіті бірде жұмысынан кеш қайтып, үйінде қарапайым қызылды-жасылды ойыншықтарды аяқ киімге жапсырып, қызықтап отырған қыздарын көреді. Оған сонда бір демде осы жобаны іске асырып көрсе қайтеді деген ой келеді. Қарапайым аяқ киімге жылтырақтарды жапсырып көрсе шын мәнінде әдемі екен. Сосын ол дереу үйінің жертөлесінде цех ашады. Әрине, бұл үшін оған қаржы қажет. Ол болса қаржыны түгелдей кредитке алады. Сөйтіп, нақты жоба-*

жоспарлармен ол нарыққа кереметтей аяқ киім әкеліп қосады. Бұдан кейін ол миллиондаған ақшасына бұл патентті сатады да жібереді. Сөйтіп, уақытында несиесінен құтылып, сосын өзіне де пайда көреді. Міне, бұл «жақсы қарыз», – депті. Артынша екеуін сараптаған ғой. Екі образ да несие алды. Бірі пассив табыс, екіншісі актив табыс – яғни, пайда әкелетін өндіріске ақша жұмсайды. Бірі тұңғиыққа батты, екіншісі мол табысқа кенелді. Бұл өте бір қарапайым жол сияқты. Бірақ жеңіске жету үшін екінші образ да біраз тәуекелге баруы керек болды: үйін кепілге қойды, егер тауары өтпей қалса, ол үйінен айырылатын еді. Бірақ оның қаржы тереңіне батқан бірінші образға қарағанда ақылы бар. Себебі, дейді жазушы, екеуі де түбі төсілген қайықта отыр. Бірақ, біріншісі жапа-тармағай қолындағы ыдыспен суды сыртқа төгуге көшсе, екіншісі су қанша жиналып қалса да қайықтың түбі төсілген жерге тығын тықты. Нәтижесінде бірі суға кетсе, екіншісі құтқарылды, деген.

Біздің айтпақ ой да осыны меңзейді. Кредиттен көресіні көріп жүргендердің де көбі осы мақсатсыз несие алғандар ма дейсің?!

Жеті жастағы баланың сөзі: «Анашым, сіз ақшаны банктен аласыз ғой? Ал банктердегі ақша қайдан келеді?». Бұл бір қарағанда өте қарапайым сұрақ болып көрінуі мүмкін. Себебі, біз банк дегеніміз ақшаны сақтайтын, беретін және көбейтетін орын екенін жақсы білеміз. Дей тұрғанмен, олар өздері ақшаны қайдан алады? Олардың адал және мінсіз жұмыс істеуін кім қадағалайды? Нәліктен ақшаны үйде ұстағаннан гөрі банкте ұстаған дұрыс? Негізі, адамдарға ақшаны арнайы орындарда ұстау туралы идея қайдан келген?

Несие жайында мақаланы жазуда көкейде жүрген көп сауалымызды арнайы мамандарға қоюды көздеген едік. Алайда, біз барып, бас сұққан

банктерде қызмет ететіндер нақты бір анықтама беруден бас тартса, енді бірі басшысының жоқтығын сылтауратты, тағы бірі бас кеңсеге хабарласуымызды өтінді. Ұзын сөздің қысқасы, санадағы сансыз сауал жауапсыз қалды.

Біз біреуге ақыл айтудан аулақпыз. Дегенмен, алған несиені еселеп қайтарып, әбігерге түскенше, өзіңіздің отбасылық қаржыңызды үнемдеп өмір сүрген дұрыс па дейсің?! Ал, бұған сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

Сарби ӘЙТЕНОВА

Дүйсенбі - Понедельник, 29 шілде

ҚАЗАҚСТАН

КТК

06.05, 14.25 «Konil tolqyny»
06.25 «Мәселе»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
09.30 «Роботкөлік Поли мен оның достары»
10.00, 03.05 «Қызық екен»
10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
12.35 X/ф «Ағасы бардың...-2»
13.00 T/x «Парыз»
15.00, 21.30 T/x «Гүлпері»
16.00, 00.40 «Shanyraq»
17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT
17.15, 22.30 T/x «Бізбен бірге»
20.30 T/x «Сүйе білсең»
23.20 T/x «Құбылай хан»
01.30 «Qareket»
02.25 «100 бизнес бастауы»

07.05 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық
07.20 T/x «Женнеттің көз жасы»
08.30 T/x «Қайсар жесір»
09.30 «Юрмала»
10.30 X/ф «Одна ложь на двоих»
14.30 X/ф «Не вместе»
16.30 T/x «Аталар сөзі»
17.20 Мерекелік концерт
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Вышибала»
23.20 X/ф «Плакучая Ива»
01.10 «Аталар сөзі»
01.40 T/x «Женнеттің көз жасы»
03.00 «Әйел қырық шырақты»
03.40-04.30 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/с «Макс Грин и инопланетяне»
09.00, 13.00 Новости
10.10 Мегахит «Области тьмы»
12.10 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
13.10 T/c «Атлантида»
14.50, 22.30 T/c «На крыльях любви»
16.30, 21.30 Телехикая «Өз үйім-2»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00, 00.00 T/x «Жұмбақ жандар»
18.45 T/x «Тракторшының махаббаты»
19.30 T/x «Бәсеке»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
00.45 T/c «Вишневый сезон»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
06.30, 15.30 «KazNet»
07.50 Мультфильм
10.00, 22.00 T/x «Абысындар»
11.00 T/c «След»
12.00 X/ф «Упс... Ной уплыл»
13.25 X/ф «Салам Нью-Йорк»
16.00 T/x «Қорғансыз»
17.00 «Ruh.kz»
17.30 Алдар Көсе туралы ертегілер
18.00, 00.30 T/x «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 T/x «Үмітіңді үзбе»
23.30 «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Той базар»
06.40, 04.35 «Той заказ»
07.10 «Тамада Баттл»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле Чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 T/c «25-й час»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45, 02.55 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 T/c «Ментовские Войны-7»
22.00, 02.00, 05.00 «П@УТИНА»
23.00 T/c «Ментовские Войны-7»
00.50 «Лучше чем люди»

06.00, 13.50 T/x «Жаңа Келін»
07.00, 21.05, 03.00 T/x «Элиф»
08.50 M/ф «Чародей равновесия»
10.20 X/ф «Славные парни»
12.50, 03.45 T/ф «Жазмыш»
15.00 T/c «Хозяйка»
17.00 X/ф «Коломбиана»
19.00 T/c «Следователь Протасов»
21.00 Потеря 777
23.10 T/x «Тақиясыз періште-2»
00.20 X/ф «Самый пьяный округ в мире»
02.20 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Сейсенбі - Вторник, 30 шілде

ҚАЗАҚСТАН

КТК

06.05, 14.00 «Konil tolqyny»
06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35AQPAPAT
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
09.30 «Роботкөлік Поли мен оның достары»
10.00, 03.05 «Қызық екен»
10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
12.35 «Жан жылуы»
13.00 T/x «Парыз»
15.00, 21.30 T/x «Гүлпері»
16.00, 00.40 «Shanyraq»
17.15, 22.30 T/x «Бізбен бірге»
20.30T/x «Сүйе білсең»
23.20 T/x «Құбылай хан»
01.30 «Qareket»
02.25 «100 бизнес бастауы»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/с «Макс Грин и инопланетяне»
09.00, 13.00 Новости
10.10 «Тур де хабар»
10.45, 18.45 T/x «Тракторшының махаббаты»
11.30 T/x «Бәсеке»
12.10 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.10 T/c «Атлантида»
14.50, 22.30 T/c «На крыльях любви»
15.40 «Көрімдік»
16.30, 21.30 Телехикая «Өз үйім-2»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00 T/x «Жұмбақ жандар»
19.30 T/x «Бәсеке-2»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
23.30 Футбол
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
07.50, 13.30 Мультфильм
10.00, 22.00 T/x «Абысындар»
11.30 T/c «След»
14.30 «MoneyTime»
14.45 «ТенгеманияNEXT»
15.00 «Үздік әндер»
16.00 T/x «Қорғансыз»
17.00 «Ел аузында»
18.00, 00.30 T/x «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 T/x «Үмітіңді үзбе»
23.30 «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
06.40, 02.45«Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 Телеканал «Доброе утро»
11.00 Сериал «Круговорот»
12.00 «Қалаулым»
15.00 T/c «25-й час»
16.55 «Пусть говорят»
18.45 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 T/c «Ментовские Войны-7»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»
23.00 T/c «Ментовские Войны-7»
00.50 «Лучше чем люди»

06.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 T/x «Женнеттің көз жасы»
09.00 T/x «Қайсар жесір»
10.00 Новости
10.30 «Вышибала»
12.30, 23.20 X/ф «Плакучая Ива»
14.30 X/ф «Не вместе»
16.30 T/x «Аталар сөзі»
17.20 Мерекелік концерт
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Вышибала»
01.10 «Аталар сөзі»
01.40-03.00 T/x «Женнеттің көз жасы»

ЖЕТИСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.40 Программа «Тарих»
12.00 Шашу
13.00 К/ф «Гаухартас»
14.25 Д.ф. «Апаттар ізімен».
15.20 Сүйінбай атындағы филармонияның концерті
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
18.50 Д/ф «Наперекор судьбе»
19.00 Телесериал «Арнайы өкілдер»
19.45 «Оқырман» әдеби клубы
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Есел қыз»
22.35 Өмірі өнеге
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 What' App
09.00 M/c «Маша и Медведь»
09.30 Кино «Звездная пыль»
12.30 T/x «Мехектің өмірі»
14.30, 15.00 M/c «Тимон и Пумба»
15.30 T/c «Реальные пацаны»
17.50 T/c «Улетный экипаж»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Хроники нарнии: Лев, колдунья и платяной шкаф»
00.00 T/x «Үш қыздың құпиясы»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Келіндер бәйгесі»
05.30 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00, 13.50 T/x «Жаңа Келін»
07.00, 21.05 T/x «Элиф»
09.00 M/c «Монкарт»
10.20, 19.00 T/c «Следователь Протасов»
12.50 T/x «Жазмыш»
15.00 T/c «Хозяйка»
17.00 T/c «Любовь с оружием»
18.00T/c «Спецотряд Кобра 11»
21.00 Потеря 777
23.10 T/x «Тақиясыз періште-2»
00.20 X/ф «Залечь на дно в Брюгге»
02.30 «KZландия»

Сәрсенбі - Среда, 31 шілде

ҚАЗАҚСТАН

КТК

06.05, 14.00 «Көңіл толқыны»
06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT
07.00 «Таңшолпан»
09.30 M/x «Қарақшы мен Капитан»
10.00, 03.05 «Quyzuq екеп...»
10.50, 18.10T/x «Қайран күндер»
12.35 «Тұлға»
13.00 T/x «Парыз»
15.00, 21.30 Телехикая «Гүлпері»
16.00, 00.40«SHANYRAQ»
17.15, 22.30 T/x «Бізбен бірге»
20.30 «Сүйе білсең»
23.20 T/x «Құбылай хан»
01.35 «100 бизнестің бастауы»
01.45 «Қарекет»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 «Қызық таймс»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 M/ф «Макс Грин и инопланетяне»
09.00, 13.00 Новости
09.45 M/c «Болт и Блип»
10.10 «Тур де Хабар»
10.45, 18.45 Тракторшының махаббаты»
11.30, 19.30 Телехикая «Бәсеке»
12.10 «Важно знать»
12.30 «Алтын бесік»
13.10 Сериал «Атлантида»
14.50 Футбол
16.30, 21.30 T/x «Өз үйім»
17.30 «Сені іздедім»
18.00, 23.20T/x «Жұмбақ жандар»
20.00, 00.10Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
22.30 T/c «Время»
00.40 T/c «Вишневый сезон»
01.25 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «KazNet»
07.50, 13.30 Мультфильм
10.00, 22.00 T/x «Абысындар»
11.30 T/c «След»
14.30 «MoneyTime»
14.45 «ТенгеманияNEXT»
16.00 T/x «Қорғансыз»
17.00 «Ел аузында»
18.00, 00.30 T/x «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 T/x «Үмітіңді үзбе»
23.30 T/x «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

ТЕХНИЧЕСКИЙ ПЕРЕРЫВ
17.00 «Пусть говорят»
18.00 Басты жаңалықтар
18.45, 02.55 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 T/c «Ментовские Войны-8»
22.00, 02.00«П@УТИНА»
00.50 Кино «Лучше, чем люди»
03.50 «Той базар»
04.35 «Той заказ»

ТЕХНИЧЕСКИЙ ПЕРЕ-РЫВ
03.00-17.00
17.05Мерекелік концерт
18.00 T/x«Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі Жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 T/c «Вышибала»
23.20 X/ф «Плакучая Ива»
01.10 T/c «Аталар сөзі»
01.40 T/x«Сүйікті Дениз-2»
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.30-04.30 «КТК қоржынынан» ойын-сауық

ЖЕТИСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Телесериал «Арнайы өкілдер»
10.45 Тарих парақтары
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.35 Өмірі өнеге
12.00 Шашу
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д/ф «Археология жұмбақтары»
14.20 Концерт «Құс қанатындағы хат»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Телесериал «Арнайы өкілдер»
20.20 Д/ф «Песня на все времена»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Өмірі өнеге
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 What' App
09.00 M/c «Маша и Медведь»
09.20 Кино «Хроники нарнии: Лев, колдунья и платяной шкаф»
12.30 T/x «Мехектің өмірі»
14.30, 15.00 M/c «Тимон и Пумба»
15.30 T/c «Реальные пацаны»
17.50 T/c «Улетный экипаж»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Невероятное путешествие мистера Спивета»
23.00 «Әзілдер жинағы»
00.00 T/x «Үш қыздың құпиясы»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Келіндер бәйгесі»
05.30 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

ТЕХНИЧЕСКИЙ ПЕРЕ-РЫВ
17.00 T/c«Любовь с оружием»
18.00, 00.20 T/c «Спецотряд. Кобра 11»
19.00 T/c «Следователь Протасов»
21.00
Лотерея777+Лотарей 6/49
21.05, 03.00 T/x «Элиф»
23.10T/x «Тақиясыз періште-2»
02.20 «KZландия»
03.45 T/x «Жазмыш»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

ЖАҢАТҰРМЫСТАҒЫ ЖАН АЙҚАЙ

ТІРШІЛІК КӨЗІ – АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ДА КҮРДЕЛІ БОЛЫП ТҰР. ӨЗЕНДЕР ӨРНЕКТЕГЕН ӨЛКЕДЕ, АЛАТАУДЫҢ БАУРАЙЫНДА, ЖЕТІ ӨЗЕННІҢ САҒАСЫНДА ОТЫРЫП, КЕНЕЗЕСІ КЕПКЕН ЕЛ ҰЛАРДАЙ ШУЛАП ЖҮР. ЖЕРІНЕ ШЫБЫҚ ҚАДАСАҢ ШЫНАРҒА АЙНАЛАТЫН ЖЕТІСУ ЖҰРТЫ АУЫЗ СУҒА ЖАРЫМАПТЫ ДЕСЕ, ҚҰМДЫ ӨҢІРЛЕРДЕ ТҰРАТЫН БАТЫС ӨҢІРЛЕРДЕГІ АҒАЙЫНДАР ТАҢДАЙЫН ҚАҒАТЫН ШЫҒАР.

Тау қойнауларынан сарқырап, тұма-тұма болып, қайнап аққан бұлақтар да осы Жетісуда. Алайда, «Етікші бізге жарымапты» дегендей, Алатау мен Жоңғар тауларының баурайында отырған ел-жұрт ауыз суға зәру. Сенбесеңіз, Қарасай ауданындағы Жаңатұрмыс елді мекенін барып көріңіз. Аптап ыстыққа кенезесі кепкен ел, саңғырлатып шелегін көтеріп, көше кезіп жүр. Мәселе, тіршілік нәрі ауыз су. Ақпарат құралдарына шағымданып, көгілдір экран арқылы мұң-

зарларын биліктегілерге айтып жатқан ауыл тұрғындары бұл келеңсіздікті әлі біраз көретін сияқты. Себеп, Жаңатұрмыстағы ауыз су түйіні қазір шешіле қоймайтын сияқты.

«Сусыз қайтып күн көреміз» деп жарғақ құлақтары жастыққа тимей, ашынған ауылдың тұрғындарының ащы зарын арқалап Алматы облысы энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасына қоңырау шалдық. Басқарманың сумен жабдықтау және су бұру бөлімінің басшысы Азамат Беспаявтың айтуынша, жалпы Жетісу өңірінде 742 елді мекен бар, соның 665-інде ауыз су тартылған. Бұл бұрынғы қолданыстағы құбырларды қосқанда олардың көбінің тозығы жеткен. Жаңатұрмыстағы басты мәселе де осы. Ауыл ішіндегі құбырлардың жартысы ауыстырылыпты. Оған «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы 395 миллион қаржы



жұмсалды. Енді екінші кезеңге жобалық сметаға аудан әкімдігі 6 миллион сұрауда. Осы жоба іске асқанда ғана бұл күрделі мәселе толықтай шешіледі. Қазір қолдан келер қайран жоқ, ауыл ішіне суды водовозбен таратуды аудан әкімдігі жүзеге асыруда. Қолданыстағы аз су халыққа толық жетпейді. Жаз айларында ауыл тұрғындары бау-бақша суғарады деген жауап алдық. Демек, Жаңатұрмыстағы ауыл тұрғындары шелек көтеріп, көше-көшеде сабылып жүруге мәжбүр. «Қарлығаштың қанатымен су сепкендей» водовозбен әкелген ауыз су халықтың таңдайын жібітуге жетпесі хақ! Бір таңқаларлығы онсыз да суға тарығып отырған ауыл неге бау-бақшаларын ауыз сумен суғарады деген ойға қаласың? Бұл қаншалықты шындыққа жанасады? Мәселен, жаңатұрмыстықтарт наурыз айынан бастап ауыз су үлкен

мәселеге айналғанын айтады. Құбырдан лай су келеді деп даурыққан ел оның өзі тамшылап келеді дейді. «Жуынып-шайыну тұрмақ, шай қайнататын су жоқ, бос ыдыс жинап, құбырдан судың аққанын аңдып отырамыз» деген белгілі әнші Мейрамбек Беспаявтың анасы телеарана тілшілеріне мұңын шағуда. Тағы бір ауыл тұрғыны Жібек Жолдасова саңғырлап қалған бос ыдыстарын көрсетіп, үзіп-жұлып келетін құбырдағы су екі күн бұрын ғана келгенін айтуда. Ал, «Таусамалы» ММК-нің басшысы Бауыржан Айнақұлов: «Ауыз су 24 сағаттың 12 сағатында берліп тұр. Бірақ судың «жоғарлау қысымы» төмендеп су жетпей жатыр. Ауа райының қатты ысуына байланысты су азаюда. Ал, су тұтынатын елді мекендер жылдан жылға көбеюде дейді. Сонда қалай, елге ел қосылып, ауыл ұлғайған сайын ауыз су мәселеге айнала ма? Жоқ, бар гөп ескі құбырларды

толық ауыстырмай, ауыл тұрғындарының көрсеткішін арттырып жатқан билікте ме? 2011 жылдан бастап жүзеге асып келетін «Ақбұлақ» бағдарламасы Алматы іргесіндегі Жаңатұрмысқа қалай жетпей қалған? Анау Еңбекшіқазақ ауданындағы «Казаткомға» «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша 130 үйге 345 миллионға су кіргізіп бермекші. Ал, «казаткомдықтар» бұл мол қаражатты сусыз отырған көршілес елді мекенге бөлсе деп «Жас Алаш» газетіне облыс әкімі Амандық Баталовтың атына

үшбу хат жолдаған-ды. Ауылда 1966 жылдан бері 615 тұрғыны бар шағын ауылды ауыз сумен толықтай қамтамасыз етіп отырған екі ұңғыма бар. 96 метр тереңдіктен ешқандай насоссыз, өз қысымымен шығып тұрған суды тұрғындар өз үйлеріне тартып алғаны айтылады. Бір ауыл бізге ауыз су бар, ауыз суы жоқ елді мекенге тартындар десе, жергілікті билік райларынан қайтпай жоспарлы дүние іске асуы керек дейді. Су бар ауылға су тартып, су тапшы ауылға жобалық смета дайындап қаржы сұрап жүргендерге таң қалмасқа шараң жоқ. Болмаса «Үшқоңыр», «Майтөбе», «Құлансаз», «Асу сай», «Үлкенсаз», «Суықтөбенің» қойнауында отырып суға жарымаған қарасайлықтардың қайғы-мұңын сонда кім түсінеді?!

Айтақын МҰХАМАДИ

САПАЛЫ БІЛІМ КЕШІ

Талдықорған политехникалық колледжінде облысымызда бірінші рет кәсіпорын тәлімгерлері үшін оқыту курсы ұйымдастырылды. Семинар барысында «Атамекен» ҰКП «Тәлімгерлік мектебі» жобасының мультипликатор-тренері Қарлығаш Оспанова Талдықорған қаласы және аудандардағы кәсіпорындардың 41 тәлімгеріне өндірісте оқытуды ұйымдастыру, бағдарламалар мен әдістемелер әзірлеуге үйретті.



«Тәлімгерлер – кәсіпорындағы бөлім басшылары мен жұмысшылар. Әр кәсіпорындарда бірнеше тәлімгер болады. Олар үшін жұмыс орнында білім берудің педагогикалық негіздерін үйренуі аса маңызды. Сондықтан оқыту технологиялары, методикалық тәсілдер мен оқышылармен жұмыс істеу алгоритмі кеңінен түсіндірілді», - дейді Қарлығаш Оспанова.

Сондай-ақ, тыңдаушыларға нұсқау жүргізу әдістері, техникалық қауіпсіздік, корпоративтік мәдениетті сақтау, ынталандыру, пси-

хология және өз бетімен оқыту тақырыбы түсіндірілді. 2019 жылдан бастап заңнама бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жан басына қаржыландыру енгізіліп, кәсіпорын тәлімгерлерінің жұмысына ақша төленетін болады. Қаржыландыру Дуальді оқытудың жол картасына және Өңірлік кәсіпкерлер палатасының Тәлімгерлер тізіліміне енген кәсіпорындарға бөлінеді.

Курс соңында қатысушыларға Кәсіпкерлер палатасының атынан сертификат тапсырылды.

Жалпы Дуальді оқытудың жол

картасында Алматы облысы бойынша мамандар дайындау жөнінде 24 колледж бен 231 кәсіпорын арасында 2,3 мыңнан астам келісім-шарт жасалған. Дуальді оқыту жүйесінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 2310 студенті 20 мамандық пен 10 сала бойынша білім алып келеді.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің басшысы Алмагүл Оңғарбаеваның айтуынша, өңірде колледждердің 7%-ы ғана дуальді оқытумен қамтылған.

«Дуальді оқыту оқу орны мен

кәсіпорын арасында мамандар әзірлеу саласы аясында тығыз байланыс орнатуы қажет. Сондықтан екі жақтап оқу бағдарламасы мен жоспарын құрып, бекітуі керек. Жалпы дуальді оқыту сұраныстағы мамандарды сапалы дайындауға мүмкіндік береді. Колледждер модульдік оқытудың енгізілгеніне назар аударып, дуальді білім беруге қызығушылық танытпайды. Бірақ

модульдік оқыту дуальдік білім беру жүйесі аясында да әріптестік орнатуды қарастырады», - дейді Алмагүл Оңғарбаева.

Сонымен біге Өңірлік кәсіпкерлер палатасы колледждерге жалпы білім беру пәндерінің бағдарламасын студенттердің таңдаған мамандығымен интеграциялауға кеңес береді.

Ш. ХАМИТОВ.

ӘНГІМЕ

Бірі мекеменің қарауындағы бір шағын ғана орталықты басқаратын Кішкентай Адам үйіне барып түстенген соң жұмысына қарай жетіп алмақшы болып, автобустың жайғасқаны сол еді, қалтасындағы телефоны безілдеп қоя берді. Хабарласып тұрған хатшысы болса керек. Орталық деген аты ғана болмаса, онда бар-жоғы екі-ақ адам бар. Бірі – өзі, екіншісі – компьютерде мәтін теретін бір жас қыз және қабырғасы бір есікпен ғана бөлінетін табыттай тар екі бөлме. Төр жағында өзі, есік аузында хатшысы жайғасқан. Соған қарамастан, аты дардай. «Ұлы дала мұраларын бүгіншілеп тану орталығы» деп аталады. Орталықтың басшысы Кішкентай Адам азаннан кешке дейін әлдебір сарғыш тартқан көнетоз қағаздардағы өшуге шақ қалған шимайларды оқып алады да, сұқ саусағына сүйел шыққанша ақ парақтарға көшіріп жазып отырғаны.

Ал, оның жорғалаған тышқанның ізіндей ұсақ әріппен көшірген қолжазбасын хатшы қыз шаңырақтай көзәйнегімен мұқият қарап отырып, ұзын тырнақты он саусағымен клавишті сықырлата түрткілеп, дамылсыз тысыр-тұсыр еткізіп компьютерде тереді. Сол маңдағы іштері пысқан біреулер болмаса, бұл орталыққа бас сұғатындар тым сирек. Сондықтан да, екеуі өз-өзімен ғана оңаша. Басы мен аяғы белгісіз бітпейтін шаруаларымен айналысып отыра береді. Өте бір ерекше жаңалық болмаса хатшы қыздың телефон соғуы екіталай.

Жалма-жан қалтасынан тілдей телефонды суырып алған Кішкентай Адам оның дисплейіне бір сәт үңіліп, хатшысының аты-жөнін көрген соң:

- Иә, қарағым не болып қалды? – деп, сұрады.

- Ана жолғы кітап шыққан екен. Жаңа ғана Дәу Бастықтың көмекшісі әкеліп тастап кетті. Оны үстеліңіздің үстіне қойдым. Мен шаштаразға жазылып қойып едім, хабарласып жатыр. Тез барып келе қояйыншы, екі сағатқа! Мақұл ма, аға? – деп, бір деммен зуылдатты да:


- Кілтіңізді алып па едіңіз, әлде, корпус күзетшісіне өз кілтімді қалдырайын ба? – деп, сауал тастады.

- Кілтім өзімде, бара бер!

Кішкентай Адам қатты қуанып кетті. Кеңсесіне тез жетуге асықты. Бірақ, ол қанша асыққанымен, қала маршрутының автобусы оның лепірген көңіл-күйін пысықсың ба? Әр аялдама сайын бір тоқтап, түсетіндерді «төгіп», кезекті жолаушыларын асықпай тиеп, ырғалып-жырғалып өгіз аяңмен митындап келеді.

Жол-жөнекей бір аялдамаға келген автобус сол жерде біршама уақыт тапжылмай тұрып алды. Кішкентай Адам орнынан сәл көтеріліп, қысқа мойынын созып, терезе жаққа қарап еді, кондуктор жігіт пакет толы суын, ішіп-жем бірдемесін алып, әудем жердегі дүкеннен шығып келе жатыр екен. «Е, қарындары ашқан ғой, тіскебасарларын алыпты. Қазір қозғалар» деп ойлаған Кішкентай Адам созған мойынын түсіріп, көтерілген құйрығын салп еткізіп, жұмсақ орындыққа қайтадан қоя салды.

Әлгі жүгірмек автобустың келіп кіргенімен, шофер тіпті қоғамдық көлігіне от алдырған да жоқ. Кондуктор екеуі әлде бір әңгімені қыздырып



Кішкентай АДАМ

әлі отыр. Айналасына қараса, жұрттың бәрі жайбырақат. Анандайтын жерде бір орыс кемпір шұлық тоқып отыр. Қасындағы шалы қолындағы газетке үңіліп, бас алмай бірдеме оқиды. Жастары елуді еңсерген екі қатын қарсы алдында жайланып отырып алып, үйіндегі келіндерін алма-кезек жамандайды. Артында отырған екі зейнеткердің бірі екіншісіне жас кезінде арақты қатты көтергенін, тіпті, мас болмағанын әңгімелесе, қасындағысы да есе бермей өзінің енді мас бола бергенде ұйықтап қала беретінін айтып, таңғалып қояды.

Жастардың бәрі дерлік ватцапта бастары қалғандай, дәл қасына барып бомба жарып жіберсең де былқ етер емес. Құлақтарын наушникпен бітеп алып, телефондарының түймелерін аш тауық тары шоқығандай шиқылдатып өз беттерімен әуіре. Айналасына қараса, өзінен басқа асығып-аптыққан ешкім көрінбейді. Тіпті, олар үшін астындағы автобус тоқтап тұр ма, жүріп бара ма, бәрібір секілді.

Ал, Кішкентай Адам табаны күректей тоғыз жыл бойы көз майын таусып, көнетоз жазбаларды оқып, одан түсінген бірдемелерін саусағы қайысқанша жазып, көшіретін жерін көшіріп, кейде қиялынан туған ойларымен де тұздықтап, ит әуіреге түсіп жүріп дайындаған табан ет, маңдай терінің жемісін көрмекке асығып отыр.

Су жаңа мұқабамен, енді ғана жарыққа шыққан кітабын көргісі келіп өліп барады. Шіркін-ай, кітап мұқабасының бас жағында өз аты-жөнінің алтын әріппен менмұңдалап тұрғанын көрудің рақатын айтсаңшы! Оны әркім түсіне бермес. Автор ғана шынайы сезіне алады. Сол себептен ғой, көруге асығып-аптығып отырғаны.

Енді, мына жұрттың түрі жаман, автобусы түскір дәл осы араға қонып қалса да былқ етпейтін тәрізді.

- Әй, айналайындар-ау! Қозғалсаңдаршы енді, жұмыстан қалатын болдық қой – деп, Кішкентай Адам жіңішке даусымен шыңғырып қалды. Оны шыбын шаққан ғұрлы көрген автобус шофері мен кондуктор жоқ. Бұжыр бет шофер Қиыр шығыста әскери қызметтегі кезінде болған төбелесте кімді қалай ұрып сұлатқанын әңгімелеп тауса алмай отыр.

Асығып-аптыққан Кішкентай Адам жоғарыдағы сөзін тағы да қайталады. Сонда ғана таусылмыс жырын жуан ортасынан үзуге мәжбүр болған бұжыр бет:

- Ағасы время! Біз строгий графикпен жүреміз, енді бір пятиминут не терпите, пажалыста, түсіп такси ұстаңыз! – деді. Беті қандай бұжыр болса, тілі де сондай ала шұбар пәле екен.

Асыққанда бес минуттың өзі бес жылдан бетер баяу секілді көрінді. Дегбірі қашып зорға отыр. Ақыры, сарыла күткен бес минуты да өтіп, автобус та орнынан қозғалды-ау. Орталық көшемен тәп-тәуір жүйткіп келе жатқан автобус айналма жолға шыға бергенде, аяқ астынан тежегішін шиқылдата басып кілт тоқтады. Әлде бір ауыр зат гүрс еткендей болып, орындықтан ұшып кете жаздады. Сырты айнадай жылтыраған бір жеңіл көлік автобусты бүйірден соғып келіп тоқтапты. Автобустың бүйірі болмашы майысқаны болмаса, пәлендей қатты зақымдалмаған. Ал, жеңіл көлік «тұмсығын» оңбай бұзыпты. Екі жүргізуші «сен кінәлі, менде жазық жоқ», «бағдаршам бүйткенде, сен сөйтуің керек болатын» дегендей пәлен-пәштуандарымен өзара дауласа жөнелді. Жол қозғалысын уақытша шектеген патруль сақшысы барлық жолаушыларды түсіріп, келесі аялдамаға дейін жаяу жетуге нұсқау берді.

Кішкентай Адам келесі аялдамаға қарай құстай ұшуға ұмтылса да, еңтігіп, кеудесі сырылдап адымын аша алмады. Бар дәрменімен адымдап келеді. Қасынан өтіп жатқан көлікте қисап жоқ. Үлкен-кіші, ұзын-қысқа, ақ-қара, қоңыр-көк дейсің бе, неше түрлісі бар. Кенет бірі сигналын «биып» еткізді. Бұрылып қарады. Даңғылдың ортаңғы жолағында еңселі қара жип

ӘНГІМЕ

тізгіндеп кетіп бара жатқан жерлесі Мұртты Қара екен. Қол бұлғап қояды. Бас изеген бола салды. «Осы немелер мұндай қымбат көлікті қандай табысымен сатып алады екен? Ауылдан көшіп келгені кеше ғана еді ғой. Менің бір жалақым келесі айға зорға жетеді. Ал, бұлар қымбат көлік мінеді. Қол бұлғап қояды, тағы. Керек еді, сенің сәлемің» деп Кішкентай Адам іштей бұлқан-талқан болып ашуланып қояды.

Тыпырлай басып аялдамаға келді де, орындығына жалп етіп отыра қалды. Ентігін баса алмай біраз демекті. Автобустың келуін жарты сағаттан астам күтіп, әрең дегенде ішке кірді. Ішінде жолаушы деген лық толы екен. Сығылысып жүріп, есік маңынан табан тірейтін аядай ғана тұрақ тапты. Жұмысқа дейін тағы үш аялдама бар. Әр аялдамаға тоқтаған сайын түсетін жолаушылардың қалың нөпірі Кішкентай Адамды әй-шәйға қаратпай дедектетіп сыртқа алып түседі де, кіретін адамдардың тобы екі аяғын жерге тигізбестен, жан-жағынан қысып, ішке алып кіреді. Осындай үрдіс үш мәрте қайталанған соң ол тырмысып жүріп, түсетін аялдмасына зорға дегенде табандап тұрып, қалып үлгерді. Сәл шегініп тыпырламаса, әлгі алып нөпір оны соңғы аялдамаға дейін алып кетіп, қаңғытып жіберетін түрлері бар.

Кішкентай Адам алып мекеменің зәулім ғимаратына қарай томпаңдай жөнелді. Құстай ұшатын, қолды-аяққа тоқтамай зыр жүгіретін дәурен қайда, жасы алпыстың бел ортасынан асқанда тізе деген неме сыр беріп, алға басқан қадамыңды кері тарта береді екен. Тыпыршығындай өңбес жүрісімен кіреберіске келгенде маңдайы тершіп кеткен соң қалпағын шешіп қолына алды.

Лифтінің қасына жете сала түймесін жалма-жан басып-басып қалды. Қызыл шам жанбады. Ызаланып кетіп, бас-көз жоқ төмпештеп, басып жатыр еді, дәлізден өтіп бара жатқан бір жас жігіт:

- Ағасы, лифт істемейді – деді.

- Ой, әкесінің аузын...

Ол сатының жақтауларынан ұстап, баспалдақпен жоғарыға еңтіге көтерілді. Жас кезінде желген аттай жүгіре басып шығып кетуші еді. Қайран дәурен-ай! Сатыдан төмен түскенде аяғын бастырмайтын тізесі жоғарыға шыққанда аса қатты ауырмайтын секілді. Бұған да шүкір! Тұқшыңдап жүріп, сегізінші қабатқа шыққан соң бір мәрте «уыһ!» деп, терең дем алды.

Ұзын дәлізді бойлап, түкпірдегі кабинетіне де жетті. Кітапты көремін дегенді ойлағанда көңілі шаттыққа бөленіп, жүрегі дүрсілдеп кетті. Кілтін алмаққа қалтасына қол салды. Жоқ! «Қайда?» деп, сырттай сыбыр еткені болмаса, ішкі жан дүниесін жаңғарта айғайлағандай еді. Қолындағы портфелін ақтарды. Барлық қалталарын түгел тінтіп шықты. Ұшты-күйлі жоқ. Түстен бұрын ғана қалтасында болып еді ғой. Жер жұтты ма, сайтан алды ма, қайда кетті? Әбден зығырданы қайнады. Әлгінде хатшы қызға кілтті астында қалдыра сал деуі керек еді. Енді кеш. Ол қалдырған күннің өзінде лифт істемейді. Төменге түсу, қайта шығу. Әсіресе, сатыдан құлдағанда тізесі шаншып, миына

дейін жетеді. Ол да қиямет қайым. Қой, хатшы қызға тез жет дейін. Телефонын алып, қоспақ болғанда өз көзіне өзі сенбеді. Бағанадан бері іздеген кілтті қолында тұр. Қуанып та кетті, бірақ, өзін оңдырмай балағаттап та жіберді.

Күйініштен бе, қуаныштан ба, белгісіз екі қолы қалш-қалш етеді. Дірілдеген қолымен құлыптың тесігін таппай біраз ауытқыды да, кілтті сұғып, оқыс бұрып қалғаны сол еді, «бырт» еткен дыбыс шықты. О, тоба! Кілттің дөңгеленген бөлігі ғана қолында тұр. Екі рет бұрағанда ашылатын есік міз бақтай мелшиіп тұр. Кілт құлыптың ішінде, бір-ақ рет бұралыпты та морт сынып кетіпті. Тұтқаны төмен басып тұрып есікті бар күшімен тартты, ашылмады.

Портфелін бұрышқа қоя салып, екі қолымен санын соқты. «Әй, атаңа нәлет-ай, енді, қайттым!» Болмаған соң көрші кабинеттегі жігіттерден барып барып көмек сұрады. Олар алма-кезек келіп, түрлі әрекет жасап көрді. Қағаз қыстыратын темірлер арқылы кілттің сынығын шығармақ болып жатқан біріне, еңкіншісі:

- Мұндай нәзік темірмен оны шығара алмайсың. Ана жолы біздің көрші пәтердің кілтін дәл осылай сынып қалғанда сантехник жігіт тістеуікпен суырып алып шықты – деп еді, тағы бірі:



- Мұндай құлыптардың кілтін бір бұралған кезінде суырылмайды. Екі рет бұралып есік ашылғанда ғана алынады – деді. Сөзінің жаны бар, әдетте солай екенін Кішкентай Адам әп-сәтте есіне түсірді. Жиналғандар кілттің құлып ішінде сынып қалуы сөзсіз тығырыққа тірелу екендігіне пәтуаласты. Бәрі енді мұндай тығырықтан қалай шығудың жолдарын талқылап кетті. Кішкентай Адамның төзімі таусылуға таяу тұр.

- Тістеуік табылса, оны тағы бір бұрап жіберіп суыра салудың еш қиындығы жоқ қой – деді, көзәйнек таққан көрші бөлімнің бастығы.

Олардың осылай мәжіліс құрып босқа тұрғандарын үнсіз бақылап, еден жуып жүрген әйел тіл қатты:

- Комендантқа телефон соғып плотник шақыра салмайсыздар ма?

- О, бәрекелді! Табылған ақыл! – деді де, бір жігіт кабинетіне қарай жүгіре жөнелді...

Кішкентай Адам плотникті тағатсыздана күтті. Өне келеді, міне келедімен де бір сағаттай уақыт өтіп

кетті. Ұзын дәліздің арғы шетінде көк комбинизон киген сары жігіттің қарасы көрінгенде Кішкентай Адам әкесі тіріліп келгендей-ақ қуанып кетті.

- Дібер срошына әткірит нада, ыра-бота многа – деп, әлгі жігітке жата жабысып, жалына бастады.

Көк комбинизон киген жігіт өз ісінің шебері екен. Өне-міне дегенше есікті ашып, ішіндегі сынған кілтті шығарып бәрін қалпына келтіре қойды.

Дәрет қысқан адамша тыпырши шиырығып зорға тұрған Кішкентай Адам кабинетіне зып етіп кіріп, қос жаны шоқтай жанып, екі беті алаулап, үстелінің үстінде жатқан көк мұқабалы қалыңдығы кірпіштей, көлемі табақтай кітапқа қарай қол соза ұмтылды. Көкірегінде жеңіс маршы ойнап, қуанышы қойнына сыймай әлгі кітапты барынша салтанатты түрде күлімсіреп қолына алды. Алайда, маздап жанып тұрған қуанышының оты су сепкендей лезде өшіп, көкірегіндегі әлгіндегі асқақ әуен кілт тоқтады да, қоңыр қобыздың мұңлы сарынына ауысқандай болды.

Мұқабаның сыртында да, ішкі беттерінде де Кішкентай Адамның аты-жөні жоқ. Бір ғана Дәу Бастығының есім-сойы баттиып,



көзін жұмса да, ашса да арбиып шыға келеді.

- Оңбаған ит неме! – деп, тістене сыбырлағанымен, кабинетте ешкім болмаса да жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, сөзінен бе, әлде, ойынан ба, өзі үрейленіп кетті. Сөйтті де сабасына түсіп, адамның ішкі ойын ешкімнің оқи алмайтынын саналы түрде есіне алды. Есіне алды да, терең ойға ерік берді.

Дәу Бастықпен ойша арпалысқа түсті. Сыбағасын беруге кірісті:

- Әй, қақпас кәрі ит! Адал еңбегімді тапа талтүсте барымталап, кітабымнан аты-жөнімді алып тастаудан қалай ұялмайсың? Тым құрығанда әдеттегідей «соавтор» бола салмадың ба?

- Оһо, мына сілімтіктің сөзін қара! Кімнің арқасында орталық басқарып, қатын, бала-шағанды қалай асырап отырсың? Кет, жұмыстан! Орталықты жабамын да тастаймын.

- Кетсем кетемін. Зейнетақыммен де күн көремін, не бопты...

- А, солай ма? Жай кете салмайсың. Басыңдағы төрт бөлмелі

үйді менің әпергенімді ұмытпағайсың! Құжаттарының бәрі менің атымда. Давай, үйді босат та көшеге шығып, отбасыңмен тентірей бер!

- Сотқа жүгініп, авторлық ақымды даулаймын!

- Бара ғой. Күйеубалам бір ғана телефон соға салады. Барлық соттың да, органдардың да бір де біреуіне сенің арызың өтпейді. Тіпті, арызың өткен күннің өзінде ол жерде ештеңені дәлелдей алмайсың. Сен кімсің, мен кіммін, мәселе қайда жатыр...

- Онда, баспасөзге мақала жазып, жариялатамын. Телевизия, радиоларға сұхбат беріп бәрін айтамын. Ит тереңді басыңа қаптаймын.

- Ха-ха-ха! Сен өзі қай елдің баспасөзін айтып тұрсың? Осы елдің ақпарат құралының кез-келгеніне барып мен туралы бірдеме айтып көрші! Мейлі, ана бір оппозициялық газетке бар. Қай жерден шығар екенсің...

- Барлық жиналыстарда осы шындықты айтып, жұртқа жая беремін!

- Айта ғой, сенетін адам табылса.

- Біреу болмаса, біреу сенеді. Жұрт түсінеді.

- Сол күні жындыхана төсегіне таңыласың!

Кішкентай Адам ары қарай бірдемлер ойлауға да жүрексініп, қиял түкпіріндегі диалогін кілт үзді. Орнынан тұрды да, үстелін екі

қолымен тоқпақтай жөнелді. Көрші кабинеттегілер жүгірісіп келді де:

- Ағасы, бәрі дұрыс па? – десті.

- Үстел қисайып кетіпті, жөндеп жатырмын – деп еді, олар шығып кетті.

Сілейіп біраз тұрған Кішкентай Адам аяқ астынан сылқ етіп орындығына отыра қалды. Сол күйі еш қимылсыз мәлиіп үнсіз қалды.

Іле-шала кабинетке енген хатшы қыз оның бұл отырысын көре сала бірнеше рет дауыстап шақырып еді, жауап қатпады. Қатты абыржыған хатшы қыз дереу жедел жәрдем шақырып, дәлізге шығып, «ағайға бірдеме болды!» деп жар салды. Сол маңдағы қызметкерлер түгел жиналып қалған еді. Топты қақ жарып, ішке енген дәрігер мен медбике асығыс-үсігіс әлде бір екпе екті де:

- Инсульт! – деп қысқа ғана қайырды.

Екі жігіт Кішкентай Адамды апыл-ғұпыл зембілге салды да, тысқа қарай жүгіре басып, ала жөнелді...

СПОР РАЗРЕШЕН В ПОРЯДКЕ МЕДИАЦИИ

Закон Республики Казахстан «О медиации», который регулирует общественные отношения в сфере организации медиации в Республике Казахстан, и определяет ее принципы и процедуру проведения, а также статус медиаторов, был принят 28 января 2011 года.

Медиация – это альтернативная форма разрешения споров, с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны – медиатора. Медиация – это особая форма посредничества, не предполагающая вынесения третьей стороной решения по спору. Соответственно, главной задачей медиатора является помощь сторонам как можно скором приведении спора взаимовыгодному и жизнеспособному решению.

Сейчас участники процесса начали понимать пользу медиации и стали приходить к медиативному соглашению.

Так, ТОО Кредитное товарищество «Жеті-Нар» обратилось в суд с иском заявлением к ответчикам Крестьянскому хозяйству «Кайсанов» в лице главы к/х Кайсанова Н., Кайсанову Кайрату Ныязхановичу, третье лицо АО «Аграрная кредитная корпорация» о взыскании задолженности в сумме 8 125 675 тенге.

В подготовке к судебному заседанию от представителя истца Шалбаева Д.Д., и ответчика Кайсанова Н., поступили заявления об утверждении медиативного соглашения, по условиям указанным в медиативном соглашении.

Согласно п. 6 ст.277 ГПК РК суд прекращает производство по делу, если стороны заключили соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации и оно утверждено судом.

Судом, вынесено определение об утверждении медиативного соглашения заключенного между сторонами. Производство по гражданскому делу было прекращено.

Как видно из изложенного заключение медиативного соглашения помогло сторонам сохранить деловые отношения.

Агзам АБДРАХМАНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

Аудио- и видеофиксация всех судебных процессов – одна из актуальных задач, которая поставлена Главой государства в Плане нации «100 шагов».

АУДИО- И ВИДЕОФИКСАЦИЯ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ

Введение аудио-, видеофиксации (АВФ) всех судебных заседаний в судопроизводстве включает возможность приостановить или редактировать запись. На сегодня все залы судебных заседаний судов области оснащены системами аудио-, видеофиксации судебных процессов, что обеспечивает полноту и качество протокола судебного разбирательства.

Преимущества системы аудио-, видеофиксации судебных процессов очевидны. Во-первых, аудио-, видеофиксация (далее - АВФ) судебных процессов в реальном времени дисциплинирует всех участников: судью, гособвинителей, адвокатов, а также стороны. Во-вторых, при возникновении спорных моментов, не разрешенных в ходе процесса и вызвавших неудовлетворенность, обе стороны могут обратиться к электронной записи, чтобы убедиться в своей правоте или неправоте. В-третьих, система АВФ служит своего рода страховкой для судей и других лиц, осуществляющих свои служебные полномочия на процессе, в случае преднамеренного оговора или похожих ситуаций. И, наконец, фиксация судебного процесса минимизирует не процессуальные контакты, а это одна из мер антикоррупционной политики судебной системы.

Одним словом, внедрение АВФ упростит

процесс отправления правосудия, позволит оптимизировать и автоматизировать судопроизводство и экономить бюджетные средства. Будут исключены территориальные и организационные барьеры в отправлении правосудия, соответственно, повысится и международный рейтинг республики.

Участники заседания посредством онлайн-сервиса «Судебный кабинет» могут скачивать записи АВФ. Оперативно просмотреть ход судебного разбирательства можно и по мобильной версии данного сервиса.

Проведение дистанционных судебных заседаний посредством видеоконференц-связи со следственными изоляторами, исправительными, медицинскими учреждениями позволяет рассматривать уголовные дела без этапирования подсудимых, находящихся в следственных изоляторах и местах лишения свободы. Новации позволяют экономить бюджетные средства и исключать непредвиденные риски.

Внедрение АВФ судебных процессов – наглядный результат отвечающего вызовам времени правосудия, основанного на верховенстве закона. Мобильного, прозрачного, доступного.

Аян КАЖЫМУКАН,
главный специалист-секретарь
судебного заседания Талдыкорганского
городского суда

ПОВЫСИТ ПРОДУКТИВНОСТЬ ПРОИЗВОДСТВА

По сообщению пресс-службы палаты предпринимателей области, в Палате предпринимателей состоялась встреча руководства РГП «Казгидромет» с фермерами Алматинской области, где был презентован пилотный проект по агрометеорологическому мониторингу и прогнозированию. Проект включает в себя оказание услуг по агромониторингу и агропрогнозированию. Применение прогностической и агрометеорологической информации повысит продуктивность сельскохозяйственного производства и снизит ущерб от неблагоприятных метеорологических явлений, заверяют специалисты. Агроуслуги будут оказываться на безвозмездной основе сроком на один год.

«Благодаря такому мониторингу и прогнозированию фермеры будут владеть информацией о заморозках, граде и других явлениях. Справки дадут основание перед страховыми компаниями, государственными организациями для компенсации понесенного ущерба. Кроме того, сведения «Казгидромета» очень важны для проведения посевной и уборки урожая, состояния озимых культур, внесения минеральных удобрений и борьбе с вредителями», - рассказал гене-

ральный директор РГП «Казгидромет» Марат Кынатов.

В тестовом режиме проект стартовал в июле 2018 года в Северо-Казахстанской области, где заключено 25 договоров на оказание агрометеорологических услуг. В течение четырех месяцев (июль-октябрь) предприниматели регулярно получали информацию о фактической погоде и состоянии сельхозкультур на электронную почту iWhatsApp.

Алматинская область станет вторым пи-

лотным регионом. В настоящее время агрометеорологические наблюдения проводятся на 23 пунктах наблюдений в 13 районах Алматинской области. Однако радиус нынешней метеостанции составляет всего 15 км, что не дает объективную информацию и охватить весь регион.

«На сегодняшний момент «Казгидрометом» проводится техническая модернизация оборудования, в том числе и в Алматинской области. К середине 2020 года в Талдыкоргане будет установлен метеорологический радарс радиусом в 250 км, что позволит охватить всю область и давать объективные данные об явлениях», - поделился Марат Кынатов.

В рамках услуг для предпринимателей будут предоставляться синоптические и агрометеорологические прогнозы, штормовые предупреждения и метеограммы. Также будут использоваться космические снимки, которые своевременно выявят «проблемы» на полях.

В случае заинтересованности крестьянские и фермерские хозяйства должны заключить договор с «Казгидрометом». Первый год обслуживания бесплатный.

Глава крестьянского хозяйства «Кассанжар» Жанатбек Саргалдаков отмечает актуальность агропрогнозирования для предпринимателей.

«Это очень необходимая и важная услуга для нас. Если мы раньше делали прогноз на погоду посредством народных примет, то сейчас пришло время довериться современным технологиям. Данный проект полезен не только для растениеводов, но и для тех, кто занимается животноводством», - рассказал предприниматель Жанатбек Саргалдаков.

В ходе встречи фермеры задали вопросы инициаторам и поделились предложениями по будущему сотрудничеству.

Ш. ХАМИТОВ

НАДО ПРИЛАГАТЬ СИЛЫ ОБЩЕСТВЕННОСТИ

Всем известно, что на сегодняшний день проблема коррупции является одним из главных вопросов, актуальных не только для Казахстана, но и для большинства стран мира. Коррупция не знает границ. Она имеет повсеместное распространение. Сегодня понятие «коррупция» часто упоминается в журналах и газетных статьях многих изданий мира. Можно сказать что коррупция – это злоупотребление своими полномочиями в личных интересах. Коррупция оказывает негативное влияние на все сферы общества: политику, экономику, социальную сферу; негативные же последствия, порождаемые этим явлением, представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности.

В нашей республике с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти. Казахстан первым среди стран СНГ разработал и принял Закон «О борьбе с коррупцией», который направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности РК от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности

В условиях, когда все силы и средства нашей страны были брошены на преодоление последствий мирового финансового кризиса, проблема коррупции встало особо остро. В этой связи принимаемые меры, направленные на борьбу с корруп-

цией являются своевременными и необходимыми. Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V «О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики. Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

Только совместными усилиями можно поставить заслон коррупции. Поэтому, сейчас в этом направлении принимаются действенные меры. Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией. Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявления. Надо силами общественности преодолевать это социальное зло.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
председатель Талдыкорганского
городского суда.

Хотелось бы напомнить, что на Саммите тысячелетия, состоявшемся в сентябре 2000 года, лидеры большинства стран мира приняли Декларацию тысячелетия Организации Объединенных Наций, одной из восьми целей которой определена поддержка гендерного равенства. Этому вопросу была посвящена XXIII Специальная сессия Генеральной ассамблеи ООН «Женщины в 2000 году: равенство между мужчинами и женщинами, развитие и мир в XXI веке» (июнь, 2000 г.). Данная сессия рекомендовала принимающим в ней участие представителям правительств принять меры по обеспечению женщинам равного доступа и полномасштабного участия во всех областях и на всех уровнях жизни.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

Понятие «гендер» означает «род» (англ. gender, от лат. genus) т. е. это равные возможности и равные права женщин и мужчин.

Основные принципы гендерной политики устанавливают гарантированные Конституцией Республики Казахстан равные права и свободы для женщин и мужчин. Концепция гендерной политики в Республике Казахстан определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане.

К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола.

Концепция разработана на основе Конституции Республики Казахстан, Стратегии развития Казахстана до 2030 года, Национального плана действий по улучшению положения женщин в Республике Казахстан, Конвенции Организации Объединенных Наций о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин, рекомендаций ООН по ее выполнению в Казахстане, других ратифицированных международных договоров и соглашений.

Гендерное равенство, также именуемое равенство полов, — это концепция, подразумевающая собой достижение цели равноправия в правах между сильным и слабым полом, это равная оценка обществом схожести и отличия между женщинами и мужчинами, разных социальных ролей, которые они играют, обладание ими равным статусом посредством равных условий для реализации прав человека.

Реализация Концепции гендерной политики в Республике Казахстан способствует разработке программ по созданию подлинно демократического государства, в котором права граждан будут подкреплены реальными возможностями их реализации.

Жадыра ЕРМУХАМЕД,
главный специалист СМЭС Алматинской области.

Бейсенбі - Четверг, 1 тамыз

ҚАЗАҚСТАН	
06.05, 14.00 «Көңіл толқыны» 06.30, 17.00, 20.00, 00.10,02.35 AQPAPARAT 07.00 «TANSHOLPAN» 09.30 М/ф 10.00, 03.05«Qyzyq екен...» 10.50, 18.10Т/х «Қайран күндер» 12.35 «Серпін» 13.00 Т/х «Парыз» 15.00, 21.30 Т /х «Гүлпері» 16.00, 00.40 «SHANYRAQ» 17.15, 22.30 Т/х«Бізбен бірге» 20.30 Т/х«Сүйе білсең» 23.20 Т/х «Құбылай хан» 00.30 «100 бизнес бастауы» 01.40«Қарекет»	09.00«Қайсар жесір» Үнді телехикаясы 10.00 Новости (повтор) 10.30Т/с «Вышибала» 12.30, 23.20Х/ф «Плакучая» 14.30 Х/ф«Не вместе» 16.30, 01.10 Т/х «Аталар сөзі» 17.20 Мерекелік концерт 18.00Т/с «Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 21.30 «Вышибала» детектив 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40-04.30«КТК қоржынынан» ойын-сауық

ХАБАР	
06.00 «Тамаша» 07.00 «Қызықтаймс» 08.00, 12.00 Жаңалықтар 08.10, 09.10 М/ф 09.00, 13.00 Новости 10.15«Тур де Хабар» 10.45, 18.45 «Тракторшының махаббаты» 11.30, 19.30 Т/х«Бәсеке-2» 12.10 «Білу маңызды» 12.40 «АртГлобал» 13.10 Т/с «Атлантида» 14.50 «Ақылдың кілті» 16.35Т/х «Пәленшеевтер» 17.10 «Қарақатпен шәй» 18.00, 23.20 «Жұмбақ жан-дар» 20.00 00.55Қорытындыжаңалықтар 20.20 Интеллектуальное шоу «Зерде» 20.50 Открытый диалог 21.00 Итоги дня 21.30 Т/х «Шашу» 22.30 Сериал «Время» 00.10 Т/с «Вишневый сезон» 01.25 «Әсем әуен»	

АСТАНА
--

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
06.30«ҚазНет»
07.50,13.30 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
14.30 «Moneytime»
14.35 «TengemaniaNEXT»
15.00 «Үздік әндер»
16.00 Т/х «Қорғансыз»
17.00 «Ел аузында»
18.00, 00.30Т/с «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 «Новости 20.30»
21.00 «Үмітіңді үзбе»
23.30 Т/х «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.55 «Той базар»
06.40«Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00Т/с «Круговорот»
12.00 «Қалаулым»
15.00Дневной кинотеатр «Выстрел в спину»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.55 «Бір сұрақ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские войны»
22.00, 02.00«П@УТИНА»
00.30Кино«Лучше, чем люди»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 01.40 Т/х «Женнеттің көз жасы»

Жексенбі - Воскресенье, 4 тамыз

ҚАЗАҚСТАН	
06.05 «Қызық екен» 06.50 Т/х «Қазақ даласының құпиялары» 07.20 «Сәлем, Қазақстан!» 08.40,01.55 «Дара жол» 09.30,01.35 «Ақсауыт» 09.50 М/с «Қарақшы мен капитан» 10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер» 12.40 «Кел күлейік» 14.40 «Ұмытылмас әндер» 15.55 «Анамды іздеймін» 20.00, 02.45 Д/ф «Қайсар» 03.10 «Минбер» ток-шоу	сон» 09.30 Х/ф «Соляная принцесса» 10.40 «Джио научит» 11.00 «Қарақатпен шай» 11.50 «Жұлдызды жекпе-жек» 13.30 Т/х «Тракторшының махаббаты» 16.15 Мерахит «Я, Алекс Кросс» 18.00, 23.30 Футбол 20.00 « Әсем әуен» 21.00 «7 күн» 22.00 «Препжде, чем я усну» 01.00 Т/х «Пәленшеевтер»

ХАБАР	
06.00 «Ұят болмасын» 06.45 Концерт «Асыл жарым» 08.35 М/с «Нильс Хольгер-	

Жұма - Пятница, 2 тамыз

ҚАЗАҚСТАН	
06.05,14.10 Көңіл толқыны 06.30, 17.00, 20.00, 00.45, 03.30 AQPAPARAT 07.00 «TANSHOLPAN» 09.30 М/с «Қарақшы мен капитан» 10.00 «Қызық екен» 10.50, 18.10 Т/х. «Қайран күндер» 12.35 Д/ф. «Ұлы дала ұлағаты» 13.00 Т/х. «Парыз» 14.00 «100 бизнес бастауы» 15.00, 21.30 Т/Х «Гүлпері» 16.00,01.15 «Шаңырақ» 17.15,22.30 Т/х. «Бізбен бірге» 20.30 Т/х «Сүйе білсең» 23.20Т/х «Құбылай хан» 00.10,02.55«Parasat maidany» 02.05 «Минбер» ток-шоу	

ХАБАР	
06.00 Тамаша 07.00 Қызық Times 08.00, 12.00 Жаңалықтар 08.10,09.10 М/с. «Болг и Блип» 09.00, 13.00 Новости 10.15 Тур де Хабар 10.45,18.45 Т/х. «Тракторшының махаббаты» 11.30, 19.30 Т/х. «Бәсеке» 12.10 «Народный контроль» 12.35 «Бабалар ізімен» 13.10 Сериал «Атлантида» 14.50Т/х «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 16.35Т/х. «Пәленшеевтер» 17.10«Ережесіз әңгіме» 18.00 Т/х.«Жұмбақ жандар» 20.00Қорытынды жаңалықтар 20.30 Интеллектуальное шоу «Zerde» 21.00 Итоги дня 21.30 Д/ф «БАQ лига- футбол-ный мир журналистов» 22.00 Футбол. Прямая трансляция из Австрии 00.00 Khabar boxing 01.30 «Әсем әуен»	

АСТАНА
--

06.00,03.30«Ән мен әзіл» концерт
06.30 KazNet ғаламторға шолу
07.50,13.30 М/ф.
10.00, 22.00 «Абысындар» т/х
11.30 Сериал «След»
14.20 «MoneyTime»
14.30 «ТенгеманияNext»
15.00 Үздік әндер
16.00 Т/х. «Қорғансыз»
17.00 «Ел аузында»
18.00,00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00,02.30 Жаңалықтар
20.30,03.00 «Новости 20:30»
21.00 Т/х. «Үмітіңді үзбе»
23.30Т/х. «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00Той базар
06.45, 18.00Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
08.00 Доброе утро
11.00 Сериал «Круговорот»
12.00 Қалаулым
15.00Х/ф. «Ветер перемен»
16.50 «Жди меня» Казахстан»
18.45, 02.55«Заң сөйлесін»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
21.55,00.00 Сериал «От печали до радости»
23.00,02.00 Паутина
03.55 Той заказ

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30,01.50Т/х. «Женнеттің көз жасы»

12.00 Х/ф «Пингвины» 21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе» 02.50 «Күлдірген»	ЕВРАЗИЯ	06.00 Т/х«Вне времени» 07.40,02.20«Тамша сити» 08.35, 04.05 «Ұшқалақ» 08.45 «Воскресные беседы» 09.00 Сериал «Холодное сердце» 12.50,03.05«Контент» 13.30 «Точь-в-точь» 16.30Х/ф «Однажды и навсегда» 18.35 Т/х «Ана жүрегі» 19.35,01.50,03.35 «Паутина +» 20.15 Т/с «Цветы дождя» 00.00 Х/ф «Отмель»
	КТК	07.05 «Шәмші әндерінің кеші» 09.00,03.50 «Басты рөлде» 09.30 «Юрмала»

Сенбі - Суббота, 3 тамыз

ҚАЗАҚСТАН	
06.05 Qyzyq екен 07.00 AQPAPARAT 07.30 «Сәлем Қазақстан» 08.50 М/с. «Қарақшы мен капитан» 09.35 М/ф. «Порророның ерлігі» 10.50, 18.10 Т/х. «Қайран күндер» 12.40 Т/х. «Бізбен бірге» 14.25 «Рахмет саған, туған ел» «Музарт» тобының концерті 16.10 «Jaidarman» Үздік әзілдер 20.00 «MASELE» 20.40 Әзіл әлемі 22.30 Көркем фильм «Анамды іздеймін» 00.45 «Өмір ғажап» драмасы 02.45Dara jol 03.40 Parasat maidany	концерт 21.00 Х/ф. «Все к лучшему» 00.40 «Спасите нашу семью» 03.00 Көркем фильм «Наресте назасы» 04.10-05.20 «Біздің концерт»

ЖЕТИСУ
--

07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Мультфильм
10.15 Ән әлемі
10.30 Ел мен жер
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.35 Мультфильм
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Телесериал «Арнайы өкілдер»
13.50 Д/ф «Личность планетарного масштаба»
14.00 Болмыс
14.50 Концерт «Золотая россып романса»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
17.55 «Құлансаз» ансамблінің концерті
19.20 Құтқару қызметі
19.40 Монолог
20.00 Ауылдағы ағайын
20.30 Жаңалықтар
21.00 Бағбан
21.30 Новости
21.55 Концерт «По волнам памяти»
23.00 Жаңалықтар
23.25 Новости
23.50 Ән әлемі

31 КАНАЛ
--

АСТАНА
--

06.00,03.30«Ән мен әзіл»
07.50 М/ф.
09.30,11.30 Money Time
09.45,11.45 ТенгеманияNext
10.00,22.00 Т/х. «Абысындар»
12.00 М/ф. «Пингвины из Мадагаскара»
19.00 Ел аузында
21.00 Т/х. Үмітіңді үзбе»
02.00 KazNet ғаламторға шолу
03.00 «Күлдірген» әзіл-сықақ

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Вне времени»
06.50,03.50Тамаша сити
07.45 Басты жаңалықтар
08.30Ұшқалақ
09.00 Сериал «Отель последней надежды»
12.50«Фабрика грез»
13.15,22.00,02.10Паутина+
14.15,02.55Кешкі кездесу
15.35 Сериал «Петербург. Любовь»
20.00 «Главные новости»
20.30,23.00 Сериал «Ни слово о любви»
00.10Х/ф. «Душа шпиона»

КТК

07.05,02.00 Т/х «Үлкен үй-3»
08.30«Біздің концерт»
09.30Х/ф. «Не вместе»
11.10 Х/ф. «Прошу поверить мне на слово»
15.20 Х/ф. «Две жены»
19.00 «Шәмші әндерінің кеші»

16.30 К/ф «Отырардың күйреуі» 19.00 Спорт тайм 19.30 Балдаурен 20.15 Полицейская служба 20.30 Апта 21.30 Апта /рус/ 22.20 К/ф «Қош бол Гүлсара»	31 КАНАЛ	02.00, 04.30 Ризамын 03.00 Әзіл студия
	7 КАНАЛ	06.00 « Қыздар арасында» 07.00 «Қуырдақ» 07.30,16.00 «Гу-гу-лет» 08.00,03.30 «Айнаонлайн» 08.30,09.00 М/с «Әуежай» 09.00 М/ф «Леди Баг и Суперкот» 10.50М/с. «Король обезьян» 12.50 Х/ф. «Агент Коди Бэнкс» 15.00,02.30 «Саясаттандырыл мағандықтарыңыздан» 15.30,17.00,03.00,04.00 Скетчком «Q – елі» 16.30,20.25 Salem Show 17.45Х/ф. «Доспехи бога: в поисках сокровищ» 20.00 «Теле Бинго» 21.00 Лоторея «777» 21.05 Х/ф. «Отпетые напарники» 23.20Х/ф. «Сердце из стали» 01.30 КЗландия 05.00 Жеңіп көр!

11.20,21.00 Х/ф «Всё к лучшему» 15.00 «Көріпкел» 15.50,02.20 «Замана ұрылары» 17.40 Шаншар 19.00 «Мазаламайын» 00.50 «Я стесняюсьсвоего тела» 04.50 «Көріпкел»	ЖЕТИСУ	09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Концерт «Мен бақытты баламын» 11.30 Құтқару қызметі 11.45 Д/ф «Мечта поэта» 12.00 Бағбан 12.25 Балдаурен 13.05 Цикл «Зеленый список». 13.30 Концерт «Ән домбыра – жан серігім жасымнан» 15.30 Д.ф «Путешествие воды».
--	--	--

МЕДИАЦИЯНЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Медиацация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

1) еріктілік; 2) медиацация тараптарының тең құқылығы; 3) медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; 4) медиацация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; 5) құпиялық.

Тараптардың медиацация туралы шартта көрсетілген өзара ерікті ниет білдіруі медиацация рәсіміне қатысудың шарты болып табылады. Медиацация тараптары оның кез келген сатысында медиацациядан бас тартуға құқылы.

Медиацация барысында тараптар өз қалауы бойынша өздерінің материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге, талаптар мәлішерін ұлғайтуға немесе азайтуға немесе даудан (дау-шардан) бас тартуға құқылы.

Тараптар мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтын, заңда көзделген де, заңда көзделмеген де өзара қолайлы келісім нұсқаларын талқылау үшін мәселелерді таңдауда тараптар еркін болады.

Медиацация тараптары медиаторды, медиацация рәсімін, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісім шарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне тең міндеттер жүктейді.

Медиацацияны жүргізу кезінде медиатор тараптардан, мемлекеттік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және

жеке тұлғалардан тәуелсіз болады. Медиатор осы Заңда жай берушілік айқындалатын медиацация құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады.

Медиатор бейтарап болуға, медиацацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиацация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиатордың бейтараптылығына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде ол медиацацияны жүргізуден бас тартуға тиіс.

Медиацацияны жүргізу кезінде медиатордың қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, осы баптың 1-тармағында аталған адамдар тарапынан араласуына жол берілмейді. Медиацацияға қатысушылардың өздеріне медиацация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиацация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы емес.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, медиатордан медиацация барысында белгілі болған мәліметтер туралы куәгер ретінде жауап алуға болмайды.

Медиацацияға қатысушының өзіне медиацация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиацация тарапының рұқсатынсыз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Айгерім ЖҰМБАЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-
сот отырысының хатшысы.

ТИІМДІЛІК ПЕН АРТЫҚШЫЛЫҚ

Қазір дау да, кикілжің де көбейді. Оған бірден бір себеп – меншік түрлерінің көбеюі, нарықтық қатынастардың орнауы және халықтың құқықтық сауаты мен талабының артуы. Кез келген ұсақ-түйек даумен ел сотқа жүгінетін болды. Еліміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясында өзге де заңнамасында көзделген баптармен құқықтары қорғалып келеді.

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиацация туралы» Заңы жария етілді.

Аталған Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және де сотқа дейінгі дауларды шешуге, сонымен қатар атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар бойынша қолданылады. Әрекетке

үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді. Медиацация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Медиацация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады. «Медиацация туралы» заңның 1-бабында оның қолданылу аясы белгіленген. Егер Қазақстан Республикасы заңдарында бас-қаша белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынас-тардан туындайтын



қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды.

Сондай-ақ медиацацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін анықтайды.

«Медиацация» сөзі латын тілінен аударғанда «делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші

даулар, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дау-шарлар медиацацияның қолданылу саласы болып табылады. Медиацация, яғни, ара-ағайындық негізінен тұрғын үй, еңбек, отбасылық және көршілер арасындағы даулар мен кикілжіңдерді шешуде қолданылады.

Гаухар ҚАЗБЕКОВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

СОТ КАБИНЕТІ



ҚОЛАЙЛЫ СЕРВИС

Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады. Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем картчасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда сотқа заңды тұлғалардан келіп түсетін талап

арыздар 100 пайыз электронды түрде түседі. Ол соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Айтып өтетін жөйт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті

Сот кабинеті – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

азайтуға ықпал етеді.

Бұған қоса, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервисі Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат ғана тұтына алады.

Сәтжан СЕЙІТКЕРІМ,
Талдықорған қалалық сотының аға сот приставы.

ДАУДЫ СОТҚА ЖЕТКІЗБЕЙ ШЕШУ

ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІНЕ КӨШУ БАҒЫТЫНДА «ДАУЛАРДЫ СОТТАН ТЫС РЕТТЕУ» ТАРАУЫ ЕНГІЗІЛГЕН. БҰҒАН ДЕЙІН 2011 ЖЫЛДЫҢ 28 ҚАҢТАРЫНДА ҚР-НЫҢ «МЕДИАЦИЯ» ТУРАЛЫ ЗАҢЫ ҚАБЫЛДАНҒАН.

Аталған Заңға сәйкес елімізде дауларды баламалы шешудің жаңа түрі «Медиацация» енгізілді. Медиацация – өзара қолайлы шешімге келу мақсатында медиатордың бейтарап жақ көмегімен тараптар арасында дауды «жанжалды» реттеу тәртібі болып табылады.

Соттарға жүктемені азайтудың басты жолы – тараптар арасындағы дауды медиацация рәсімімен шешу болып табылады. Дауды медиацация жолымен немесе сот арқылы шешуді таразылайтын болсақ, сот шешімді құқық пен заңды негізге ала отырып қабылдайды, ал медиацация тәртібінде тараптар өздері бірлесе отырып шешім қабылдайды. Дау сот тәртібімен қаралған жағдайда қорғаушыға төленетін шығындар, мемлекеттік баж төлемдері, сараптама жүргізу шығындары бар. Ал медиацация тәртібінде медиаторға ғана төленетін шығындар болады. Сот тәртібімен дауды шешу ұзақ уақытты алатын болса, медиацацияда азаматтық құқықтық қатынастар бойынша 30 күннен аспайтын мерзім ішінде қаралады. Осылайша дауды сотқа дейін реттеу тараптарға дауды (жанжалды) қысқа мерзімде, материалдық және моральдық аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Сотта дау жария түрде ашық қаралса, ал медиацация тәртібінде жабық түрде екі тараптың келіссөздерге келуі арқылы оңтайлы шешім қабылданады.

ҚР «Медиацация туралы» Заңының 3 бабының талаптарына сәйкес медиацацияның мақсаттары мына-

МЕДИАЦИЯ



лар болып табылады: 1) дауды (жанжалды) шешудің медиацацияның екі тараптан да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, 2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиацация рәсімі қолданылмайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша да медиацация рәсімі қолданылмайды.

Сот тәртібінде қарастыруға тиіс даулардың санын қысқартып, оларды шешудің баламалы тәсілдерін қолдану, оның ішінде бітімгершілік рәсімдер – медиацация әдісін қолдану адам құқықтарының әділ сақталуының кепілі.

Жаңа Азаматтық процестік кодексте алға қойылған міндеттерді орындауда дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібіне, соттағы татуласу рәсімдеріне көңіл бөлінді. Істердің жеке сандары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделді.

Мөлдір ИСЛАМОВА,
Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.

«100 НАҚТЫ ҚАДАМ»

БЕЙНЕ ЖӘНЕ ТАСПАҒА ЖАЗУ

«Аудио-бейне тіркеу жүйесі» сот процестерін техникалық тіркеуге арналған: оқиғаның басталуы, оқиғаның атауы, қатысатын адамдар және қысқаша түсініктер, соттың құрамы туралы мәліметтер, істің нөмірі және т.б. хронологиялық кезеңділікпен көрсетілетін сот отырысының қысқаша хаттамасын жасау АБТ жүйесі жұмысының нәтижесі болып табылады.

Бұл судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Жүйе жазып алынған ақпараттарға қолжетімділікті және оны бұрмалау мүмкіндігін болдырмайды. АБТ (Аудио-бейне тіркеу) жүйесінің функционалдылығына келер болсақ, сот отырысын сандық аудио-бейне жазып алуға, сот отырысының қысқаша хаттамасын жасауға мүмкіндік

туып отыр. Аудио-бейне тіркеуді жүргізер алдында сот отырысына қатысушылар бойынша деректер енгізу мүмкіндігі, облыстық соттардың локалдық серверінде және ҚР Жоғарғы Соттың орталық серверінде аудио-бейне файлдарды және ілеспе ақпараттардың сақталуына жол беріп отыр. Сот органдарының (сот ісін жүргізу бөлігінде) ақпараттық жүйелермен және «Сот кабинеті» секілді басқа да ақпараттық жүйелермен интеграция жүргізілген.

Осы жүйе Украина, Беларусь, Ресей және Сингапур т.б. елдердің сот жүйелерінде аудио-бейне тіркеудің қолданыстағы әлемдік тәжірибесін ескере отырып жасалынған.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің ресми сайтында онлайн сервисіне және сот органдарының қызмет көрсетулеріне қолжетімділіктің жалғыз терезесі болып табылатын «Сот кабинеті» электрондық жобасы 2014 жылдан бастап іске қосылып келеді. Сот жүйесін дамытудың ықпалды тетіктерінің бірі-соттарды заманауи

құралдармен қамтамасыз ету. Соңғы жылдары сот жүйесінде заманауи талаптарға сай, электронды сот өндірісін дамыту жұмыстары жүргізілуде. «Сот кабинеті» жүйесі арқылы «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, сот процестерін таспаға жазу жүйесі, тараптарға СМС және электронды хабарламалар тарату секілді жобалар жүзеге асырылып келеді. «Сот кабинеті» сервисін іске қосқан сәттен бастап оның мүмкіндіктері тиісті түрде бағаланды: сервисі халық кең пайдалануда және адвокаттар мен кәсіпкерлердің тиімді жұмысына көмектесуге, азаматтардың құқықтық мәдениетін жетілдіруге және өздерінің конституциялық құқықтарын қорғауға ықпал етеді. Қазіргі таңда сот төрелігіне жүгінушілер талап арыздарын ұзын-сонар кезекке тұрмай-ақ, Сот кабинеті электрондық жүйесі арқылы соттарға жолдай алады.

Ертіс ОМАРОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

ОЙТОЛҒАҚ

Мақамы Бөлек Мақпал

«Адамдар, менің мәңгі бір ғана серігім бар.

«Өлең» дейтін жетімек елігім бар.

Сендер жүрген жолменен жүргенім жоқ,

Ешкімде жоқ ерекше өмірім бар.

Қара түндей тұмшалап тұрса қайғым,

Етегіне қонады шық самайдың

Сендер өткен өзеннен өткенім жоқ

Тағдырым бар, тағдырым бар ешкімге ұқсамайтын».

Бұл Қазақстанның Халық әртісі Мақпал Жүнісованың орындауындағы

Ақмарал Леубаеваның сөзіне жазылған Ербол Байырбековтың «Адамдар, кешіріңдер» деп аталатын әнінің алғашқы жолдары.

Өмірге алғаш әуен келді ме, әлде сөзі қағазға түсті ме, бізге беймәлім. Бірақ сөз бен сазға осынша жан берген әншіге екі автордың да риза екені анық. Анық болатыны, әнші оны жан дүниесімен шын беріліп, алпыс екі тамырын идіргендей толғатып айтады. Қазақ оқырмандарына жақсы таныс сыншы, күйші Таласбек Әсемқұлов «Әнші Мақпал» атты мақаласында «... Мақпал ешқашан да әнді композитордан алған күйінде орындамайды. Өзінің орындаушылық табиғатына өлшеп, өзіне лайықтап жаңа түрге ендіреді. Әнші үшін басты нәрсе әннің мелодиясы емес – поэзиялық текст. Мелодия тек қана болашақта өңделетін шикізат. Мақпал ең әуелі поэзиялық тексті бажайлай зерттейді. Дәлірек айтқанда, текстің ар жағындағы психологиялық партитураны тануға тырысады. Міне, ақынның өлең тасасында жасырған сырына жеткеннен кейін, әнші, мелодияны сол сырдың ыңғайына келтіріп, қайтадан сомдап шығады...» деп жазған еді. Бұл сөздің дәлелін әнші орындаған әндерден анық байқаймыз. Ал біз сөз етіп отырған әнде Мақпал «Адамдар» деген сөзден кейін білінер-білінбес кідіріс жасайды. Қаратпа сөздің тәртібі бұзылған жоқ әрі адамдар алдында ақтарылып, өз сырын еш бүкпесіз айтқалы тұрған адамның нық шешімі аңғарылады. «Сендер өткен өзеннен өткенім жоқ, тағдырым бар ешкімге ұқсамайтын» деген сөзде орындаушы «тағдырым бар» деген сөзге екпін береді. Мұнда да қазақы мәнер сезіледі. Ол мәнердің ар жағында өзінің қалауынан бұрын тағдырдың қалауына мойынсұну сынды қазақтың болмысына тән ерекшелік менмұңдалап тұр.

Әншінің мәнеріндегі қазақылық оны соншалықты жұмсақ әрі терең жеткізеді. Өкініш, күйініш, қиналыс, сонымен қатар оның бәріне мойынсұну пендеге тән мінез. Әннің ендігі бір жолында «...бірақ ешкім қайталай алмай тұғын, махаббатым үшін де кешіріңдер!» деген сөз кездеседі. Осы сөзді айтқанда да әнші шешімді адамдардың өзіне қалдырады және оны да қатқыл емес, жұп-жұмсақ етіп жеткізеді. Бұл әнді тыңдаған әрбір жан басынан өткен қиындық пен қиыс кеткен жолы мен тағдыр басына салған ерекше өмірін көз алдынан өткізері хақ. Әншінің ерекшелігі – әнді бүге-шігесіне дейін бойына сіңіріп, оны өз жанынан шыққандай етіп жеткізе алғанында. Сол үшін де Мақпал орындаған әрбір ән тыңдарманның жан дүниесін қопарып, жанарына жас келтіріп, жүрегін шымырлатады. Сезімтал көрерменнің байқамауы мүмкін емес бір жайт – Мақпал осы әнді айтқан сайын жанарынан жас моншақтайды. Жалпы оның жылап тұрып айтатын әндері көп. Және онысы риясыз, шынайы. Тек орындаушының ғана емес, тыңдап отырған жанның да жанарынан жас моншақтатар ендігі әннің бірі – «Жыла,

жүрек». Фариза Оңғарсынованың сөзіне жазылған Қанат Ибрагимовтың жүректі жылатар әуені Мақпал мақамында құдды ән-мінажат секілді. Мінажатта үміт те, өкініш те, жұбану да, бекіну де бар. Сіз ән ғана емес, бір адамның драмаға толы тағдырлы монологын тыңдап отырған секілдісіз. Өте шебер орындалғасын сай-сүйегіңіз сырқырап, алпыс екі тамырыңыз шымырлап, өз өміріңіздің драмасына еріксіз сүңгіп кетесіз. Әннің сиқыры да осы болар, бәлкім, сіздің оған сенуіңіз сиқыршының дарынына байланысты екені даусыз.

Асқар Сүлейменовтің Біржан салдың өмірі жайлы прозалық еңбегінің драма-диалог ретінде көрерменге жеткен сахналық нұсқасында Біржан салмен өң мен түс арасында әңгімелескен Ақан сері «Өн – зар һәм мінажат. Ол әуелі жүректі бауыздайды...» дейді. Сонау сал-серілер заманында әнге берілген бұл анықтаманы Мақпалдың орындауындағы бүгінгі әндер де нақтылап тұр. Заманы бөлек демесеңіз, әннің мақсаты бір. Ол – өнер ғана емес, «Өн – зар һәм мінажат». Әнші үшін оның өнері қаруы ғана емес, құлшылық етер киелісі. Тәубесі де, шүкірі де, қуанышы да, қайғысы да, жұбанышы да, сүйеніші де – өн. Мақпал оны шын сезіне біледі, оның «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында «Тағдырдың бар қиындығын әнмен жеңіп келемін» деуі тегін емес. Ән оның өзі, ән оның тағдыры. Біздің бұл сөзімізді Мұхит Қасқырбаевтың Мақпалға арнап жазған «Тек, ән ғана» әні нақтылап бергендей. Бұл әнді де Мақпал өз жанынан шыққандай орындайды. Келісесіз бе?.. «Әнші емес, әннің өзімін» деген сөз Мақпалдың өз сөзі, оны Мақпал сөзбен емес, әнмен жеткізеді.

Өн – сағыныш. Бір әнінде сезімді, енді бір әнінде қайғы-мұңды жеткізетін мақпал үнді қазақтың қызы «Ауылға барам» деген әнді Бауыржан Рахымбековпен бірге орындаса да, өзіндік ерекшелігін көрсете алады. *«Жол жүрем бүгін, бармасам елге болмайды, Тынысымды ашам, тіреймін елге маңдайды. Ет жақындарым аттанып кеткен келмеске, Көзкөргендер де азайып қапты-ау, сол қайғы...».*

Осы әнді тыңдаған сайын, «бармасам елге болмайды...» деген жолдарды Мақпал әнші әдейі таңдап алған секілді көрінеді. Өйткені ол осы сөздің мән-мағынасын қазақы мәнермен екпінді дұрыс қойып, ырғақты орынды алып, «ауылға бармасам болмайды» деген шешімге бекінген сезімді анық жеткізеді. «Көзкөргендер де азайып қапты-ау, сол қайғы» деген сөздерді әнге қосқанда дәл осылай қазақы мәнерде айта алатындар кейінгі әншілердің ішінде некен-саяқ-ау?.. Мақпал мақамы бізге осынысымен қымбат, осынысымен қадірлі.

Музыка тіліндегі мелизмы ұғымы қазіргі



әншілер арасында сөнге айналып барады. Мелизмы дегеніміз – әуеннің ырғағы мен қарқынын өзгертпей дыбысты әрлейтін мелодиялық әрлеуші (Мелизмы – различные мелодические украшения звука, неменяющие темпа и ритмического рисунка мелодии). Кейінгі әншілер мұның не екенін жақсы біледі және көбі әннен бұрын осы әрлеушіге мән беріп кететіні жасырын емес. Әрі олардың мелизмді қолдану әдісі бір-біріне ұқсас болғасын да жас әншілердің әнін бір-бірінен ажырату қиын. Ал Мақпалдың мелизмы – мақамы бөлек. Одан қазақы үн, халық музыкасы мен сал-серілер әуені, халық композиторлары қалыптастырып кеткен орындаушылық ерекшелік, қазаққа етене жақын ырғақ еседі.

Жоғарыда айтып өткен әнге сыйған сезімдердің барлығы жиналып келіп мәртебелі уақытқа сыяды. Мақпалдың орындауында адам өмірін ғана емес, күллі адамзаттың ғұмырына үңілуге үндейтін «Қайран, уақыт» деген ән бар.

Бұл әнді орындағанда да Мақпал әр сөзді ғана емес, әр дыбысты анық айтады. Онысы әуенге еш зиянын тигізген жоқ. Бұл әндегі «Күздің ызғар салқыны соғады екен, жазында жапырағын жайған бақыт» деген жолдары мені қазақ эстрадасына қайрыла бір көз тастауға, қайыра бір қарауға итермеледі. Неге дейсіз ғой, Мақпал Жүнісованың әнші ретіндегі бағасын білгенімізбен, оның орындаушылық мәнеріндегі қайталанбас ерекшеліктің қадірін қаншалықты ұғынып жүрміз деген сұрақ маза бермейді. Өйткені кейінгі жас ұрпақ, қазіргі 20-25 жастағы қыз-жігіттер Мақпал мақамының бағасын білмейді. Оған себеп, Мақпал сынды қазақы

мәнердегі әншілерден гөрі өзге ұлттың орындау мәнеріне көп еліктейтін эстрада әншілерінің жиі насихатталуы. Әйтпесе қазақ эстрадасындағы Мақпал мақамы жалғастырушы қаншама шәкірттер дайындауға болар еді. Әрине, олардың барлығы Мақпалды айнытпай қайталуы шарт емес, тек оның әр сөзді анық айтатын, түсініп айтатын, тек әуенді ғана емес, сөзді де шегіне жеткізіп, тыңдарман жүрегіне сіңіріп тастайтын мектебін үйреніп қалуға тырыссақ жақсы еді. Әзірге біздің оқу орындарында ондай талпыныс байқалмайды... Киногерлеріміз ол туралы сапалы фильм түсірсе, несі айып?.. Кенен Өзірбаевтың «Екі Кенен тұмайды, Алатауға ексең де...» деген сөзін Мақпал бағасын білуде анық айта аламыз. Ендеше, неге бағаламасқа!..

Қазақ эстрадасында әнші боп өнерге келіп, ән болып ғұмыр кешкен жандар көп емес. Оның бірі де бірегейі – Мақпал Жүнісова. Мақпал өзі үшін емес, ол ән деп өмір сүреді. Ал ән – өнер. Өнер жеке адамдыкі емес, халықтыкі. Демек, Мақпал да халықтың қызы, халықтың перзенті. Мақпалдың тағдыры әнмен біте қайнасқан. Мүмкін, о баста жеті жасар қызды анасына айтпай, ауылдан жырақта жатқан өнер мектебіне әкеліп тапсырғанда әке-жүрек қызының тағдырының әнге байланғанын, ән арқылы халыққа байланғанын сезген болар?.. Кім білсін!..

Бір анығы, Мақпал – ән, Мақпал – тағдыр қазақ дейтін халық барда жасай береді.

Назым ДУТБАЕВА,
журналист

ПОЧЕМУ БРАКОНЬЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ ЧУВСТВУЮТ СЕБЯ БЕЗНАКАЗАННЫМИ?

УБИЙСТВО ЕГЕРЯ ЕРЛАНА НУРГАЛИЕВА В ЯНВАРЕ 2019 ГОДА СТАЛО РЕЗОНАНСНЫМ. ТРАГИЧЕСКОЕ СОБЫТИЕ НЕ ОСТАВИЛО НИКОГО РАВНОДУШНЫМ, В ОБЩЕСТВЕ БЫЛО МНОГО РАЗГОВОРОВ О СТАТУСЕ ИНСПЕКТОРОВ, ОБ УЖЕСТОЧЕНИИ НАКАЗАНИЯ ДЛЯ БРАКОНЬЕРОВ. НО НЕ ПРОШЛО И ГОДА, КАК КАЗАХСТАНЦЕВ ПОТЯСА НОВОСТЬ ОБ УБИЙСТВЕ ЕЩЕ ОДНОГО ИНСПЕКТОРА. ОТЦА ПЯТЕРЫХ ДЕТЕЙ КАНЫШАНУРТАЗИНОВА УБИЛИ ВЫСТРЕЛОМ В ГРУДЬ 23 ИЮЛЯ 2019 ГОДА. У КАЗАХСТАНЦЕВ ВОЗНИКАЕТ ВОПРОС: КАК БОРОТЬСЯ С БРАКОНЬЕРСТВОМ? КАК ЗАЩИТИТЬ ИНСПЕКТОРОВ И ЕГЕРЕЙ?

Инспекторы никак не защищены

По мнению заместителя исполнительного директора, руководителя Центра прикладной биологии Казахской ассоциации сохранения биоразнообразия Сергея Складенко, если виновники получали бы реальные сроки, то ситуация была бы иной.

«Сейчас как получается? Охотзоопромовцы кого-то тормозят, вроде задерживают, конфискуют автомобиль. А через месяц эта же машина с этими же людьми снова выезжает на охоту. Здесь дело даже не в том, что нужно сроки увеличить. Или, как народ говорит, «стрелять в браконьеров». Это не поможет. Необходима неотвратимость закона, чтобы следствие довели до конца, виновники получили реальные сроки. Также нужно учесть, что инспекторы у нас никак не защищены. К примеру, за применение силы в отношении полицейско-

открывают канал, отсюда начинают идти самые разные объекты животного мира. Поэтому здесь должна работать полиция, таможенные органы, пограничники, все совместно. Пограничники, кстати, задерживают больше объектов животного мира, чем таможенники, если верить статистике. Тут смысл в том, чтобы все работали дружно, согласовывали свои действия, повышали квалификацию. И это касается не только сайгаков, но и всего животного мира», - рассказал Сергей Складенко.

После убийства егеря Ерлана Нургалиева мажилисмен Роман Ким направил депутатский запрос, где озвучил проблемные места в борьбе с браконьерами в Казахстане.

«По данным статистики, за период с 2014 по 2018 годы количество возбужденных уголовных дел по фактам браконьерства увеличилось более чем



ригатов, а также растений и животных и (или) их частей и дериватов, на которых введен запрет на пользование, или мест их обитания - наказываются штрафом в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок».

Постановление Правительства РК «О введении запрета на пользование сайгаками, их частями и дериватами на всей территории Республики Казахстан до 2020 года», согласно которому размер возмещения вреда, причиненного нарушением законодательства об охране, воспроизводстве и использовании животного мира за каждую особь сайгака составляет 200 месячных расчетных показателей.

Какие сроки получают браконьеры в Казахстане?

Приведем в пример данные из депутатского запроса мажилисмена Романа Кима.

«В 2016 году житель Карагандинской области во время задержания за незаконную охоту нанес ножевое ранение в шею инспектору РГКП «ПО «Охотзоопром». В 2017 году в Кургалдинском районе Акмолинской области браконьеры угрожали оружием охотинспектору. До сих пор фигуранты уголовного дела не привлечены к уголовной ответственности. В 2018 году на территории Жусандинской заповедной зоны Алматинской области задержаны браконьеры, которые при задержании не только пытались скрыться с места задержания, но еще и открыли огонь из нарезного оружия по машине инспекторов». 24 января 2019 года.

Экс-советник министра сельского хозяйства СакенКалкаманов поделился случаем из собственной практики, когда был наказан не браконьер, а инспектор.

«1,5-2 года назад у нас был случай в ЮКО, когда инспектор «Охотзоопрома» при угрозе его жизни во время задержания браконьера выстрелил ему в ногу. Все инспекторы следили за этой ситуацией, за ее итогом. И что вы думаете? Инспектора осудили. Дали реальный уголовный срок за то, что он неправомерно применил оружие. Инспектора поэтому и боятся использовать оружие лишней раз».

По словам СакенаКалкаманова, после резонансного дела с убийством еге-

ря Ерлана Нургалиева было проведено несколько слушаний совместно с МСХ, МВД, таможней, пограничной службой, «Охотзоопромом», где специалисты сформировали рекомендации. По его мнению, озвученные полгода назад предложения так и не реализованы.

Что же было предложено?

По словам Калкаманова, были предложены следующие пункты:

Защита прав инспекторов. Пропи- сать процедуру их полномочий, четкий неукоснительный алгоритм действий, правил при задержании браконьеров в Казахстане и постоянно обучать инспек- торов;

Закрывать канал торговли. «Потому что каким-то образом рога попадают в Китай. Если говорить, что в обход таможенных постов попадают, тогда мы должны признать, что у нас границы с Китаем дырявые? Нет, я сомневаюсь в этом. Значит существует транснацио- нальная ОПГ, которую необходимо рас- крыть. Я сам участвовал несколько раз в облавах на браконьеров и видел их фирменную экипировку, дорогое оружие и внедорожники. Это не одинокие охот- ники», - отмечает собеседник;

Разобраться со сбытом «трофе- ев». «После трагического случая с Ерла- номНургалиевым вроде бы уменьшился скуп рогов. Но до сих пор можно встре- тить в интернете объявления «Скупаю старые, новые рога сайгаков». Хотя за- коном это запрещено»;

Изменить судебную правоприменительную систему. «Каждый факт применения оружия инспекторами рас- следуются так, что преступниками в гла- зах судебной системы становятся имен- но они, а не браконьеры»;

Повышение заработной пла- ты. «Это самая основная проблема. Базовая ставка у инспекторов - от 45 до 65 тысяч тенге, в зависимости от стажа. Это РГП, и от постановления прави- тельства зависят их зарплаты. Поэтому инспекторам приходится круглогодично быть в командировках. И если они будут работать без выходных и отпусков, мак- симум они набирают 150 тысяч тенге. А учитывая, что они кормильцы и семьи у них многодетные, как правило, это очень большая проблема. Также отсутствует страхование их жизни. Возможно, нужно создать не РГП, а ТОО, но тогда стоит вопрос о правомерности применения ими оружия».

А. АБИЛМАЖИТОВА



го наказание будет в разы строже, чем за побои сотрудника природоохранной службы. Человек несколько раз задумается, стрелять ли в полицейского, но остановится ли он перед выстрелом в егеря?» - поделился директор Центра прикладной биологии АСБК.

Также Сергей Складенко считает, что природоохранная структура в оди- ночку не в силах справиться с брако- ньерством в Казахстане. «Потому что это настоящая международная орга- низованная преступная группировка. Правоохранительные органы должны работать по всем звеньям этой цепоч- ки. То есть должна идти работа против перекупщиков, перевозчиков, оптови- ков и так далее. Плюс работа сейчас осложнилась тем, что у нас Таможен- ный союз, нет практически контроля на границах с этими странами. Как только

в два раза, с 70 до 154. (...) Необходи- мо отметить, что значительный про- цент возбужденных уголовных дел или прекращается, или их расследование необоснованно затягивается, а суды, как правило, ограничиваются макси- мально мягким наказанием для наруши- телей. В настоящее время только за период 2014-2016 годов насчитывает- ся 144 таких дела. Анализ правоприме- нительной практики свидетельству- ет о ее лояльности к браконьерам». 24 января 2019 года.

Какое наказание предусмотрено за браконьерство?

Статья 339 УК РК: «Незаконное до- бывание, приобретение, хранение, сбыт, ввоз, вывоз, пересылка, перевозка, а равно уничтожение редких и находящихся под угрозой исчезновения видов рас- тений и животных и (или) их частей и де-



АЛА ДОП

БІР САТЫҒА ЖОҒАРЫЛАДЫ

ЕЛОРДАЛЫҚ «АСТАНА» ФУТБОЛ КЛУБЫ АНДОРРАДА ЕУРОПА ЛИГАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНІҢ АЯСЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ «САНТА-КОЛОМОЙ» КОМАНДАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ТЕҢ ЕСЕППЕН АЯҚТАЛҒАН ОЙЫНДА ГОЛ САЛЫНҒАН ЖОҚ.

Қарымта матч 1 тамызда Нұр-Сұлтанда өтеді. Еурокубоктың кезекті ойын күнінен кейін Қазақстан УЕФА-ның коэффициенттер кестесінде бір саты көтеріліп, соңғы бес маусымның 17,500 нәтижесімен 24-орынға табан тіреді. Беларусь елінде де дәл осындай коэффициент. 23-орынға Израиль орналасты (18,125). Еске салайық, қазақстандық өзге де командалар ертең Еуропа лигасындағы матчтарын өткізеді. «Ордабасы» Чехияда «Млада-Болеслав» клубымен, ал «Қайрат» Израиль елінде Беэр-Шевадан келген «Хапоэль» командасымен кездесетін болады.

ФИТНЕС



БАПКЕРІҢІЗ БАБЫҢЫЗДЫ ТАУЫП ЖҮР МЕ?

Көптеген адам жаттығу залдарына барған кезде жаттықтырушының көмегіне жүгінеді. Бұл әрине өте дұрыс шешім. Себебі, фитнес залдарында қандай жаттығудан бастау керек екенін және әрбір жаттығудың қалай орындалу жолдарын дұрыс білу қажет. Бірақ барлық жаттықтырушы сізге қол ұшын беріп, ойлаған дене бітіміңізге жеткізуге тырыспайды. Сондықтан бапкер таңдаудан қателеспегеніңіз абзал.

Ең бірінші жаттықтырушы сіздің дұрыс тамақтану мен диетаға қалай отырғаныңызды жақсылап қадағалуы

тиіс. Егер сіз мөлшерден көп немесе аз және уақытымен тамақтанбасаңыз, жасаған жаттығуларыңыз кері әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы тамаққа тойып алып жасаған жаттығулар жүрекке зиян келтіруі мүмкін т.с.с.

Егер жаттықтырушыңыз басқа жұмыстармен айналысып, телефонға үңіліп сізге тек тапсырмаларды орындауды ғана айтып өзі қадағаламаса, онда бұл төмен дәрежелі бапкерлер санатына жатады. Өйткені сіз ол адамнан ақылы түрде сабақ алып жүрсіз. Сізге немқұрайлы қарағанын байқай бастасаңыз басқа жаттықтырушы іздегеніңіз дұрыс. Себебі сіз, ол адам

үшін жай ғана ақы төлеп жүрген табыс көзісіз.

Мықты спортшы, жүлқа көтеруден алдына жан салмайтын керемет күштің иесі болса да сізге үйрету қолынан келмесе, бас тартқаныңыз дұрыс. Өйткені ол сізді өзінің жасайтын қиын жаттығуларына дағдыландыруы мүмкін. Спортзалға енді ғана кірген сіз үшін ондай жаттығулар тым ауыр. Әрбір өткізген жаттығуларыңызды саралап, кем-кетіктеріңізді түземесе де қиын болады.

Спортзалдарда әрбір сабақ сайын сізге қосымша күш пен басқа да техникаларда жұмыс жасай білу керек. Бір айға сызып берген кеңесін қолыңызға алып өзіңізбен-өзіңіз жүрсеңіз, онда сізге білімсіз бапкердің қажеті не? «Менің үйретуіммен бір айда 200 келі салмақты оңай көтересің» деп, қызықтыратын үйретушілер де жетерлік. Сіздің ондай салмақты көтеру үшін денеңіз икемге келгені дұрыс. Жылдам жасалған жұмыс бел омыртқаңызға немесе қолыңыздың қан тамырлары үзіліп кетуіне әкеліп соғады. Сондықтан, бәрі де уақытмен болғаны дұрыс.

Жаттықтырушыңыздың өзі де әр

жүргеніңізге аса мән беруі тиіс.

Бір сарынды жаттығу залы қызықсыз, әрі қажытып жіберуі мүмкін. Сондықтан мейілінше спортпен шұғылданып жүрген адамдармен танысып қырсырын үйренгеніңіз дұрыс. Мұндай қадамды, ең бірінші, сізге бапкеріңіз көрсетуі тиіс. Себебі, сол жердің барлық тұрғынымен сізден бұрын кездесетін – жаттықтырушыңыз.

Жоғарыдағы айтылған кеңестерге сай келетін бапкермен жұмыс жасап жүрсеңіз, онда тез арада өзіңіздің не үшін жүргеніңізді айтып, сөзден іске көшуге бағыттаңыз. Неге десеңіз, бұлшықеттерді өсіру мен шығару оңай қол жеткізетін әрекет емес.

БӘРЕКЕЛДІ

Кванджуда су спорты түрлерінен әлем чемпионаты жалғасуда. Бүгін 200 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден іріктеу кезеңдері өтті. Қазақстандық Әділбек Мусин 01.58.58 уақыт көрсеткішімен өз тобында екінші орын алды.



РЕКОРД ОРНАТТЫ

Ал жалпы іріктеу кезеңінде 25-сатыға тұрақтап, финалға өте алған жоқ. Десе де Мусин осы нәтижесі арқылы Қазақстан рекордын жаңартты. Бұрынғы рекорд да Мусинге тиесілі болатын. Ол АҚШ-та өткен жарыста 200 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден 1.59.48 нәтижесін тіркеді. Айта кетелік, бұл – Әділбектің әлемдік сындағы екінші рекорды. Ол 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден де ел рекордына түзету енгізді.

ТАЭКВОНДО

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

21 ШІЛДЕ КҮНІ ИОРДАНИЯНЫҢ АММАН ҚАЛАСЫНДА ТАЭКВОНДОДАН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ.

Құрлықтық додаға 28 мемлекеттен келген 385 спортшы қатысуда. Олардың қатарында қазақстандық спортшылар да бар.

Жарыстың бірінші күнінде қазақстандық спортшылар екі медаль жеңіп алды. 52 келідегі Балнұр Спабек пен 68 келідегі Нұрриза Тұрарова жеңіс тұғырының үшінші сатысынан көрінді. Сондай-ақ, төрт спортшымыз алғашқы бестікке енді. Сондай-ақ, тағы да 10 таэквондошы білек күшін сынауға дайын отыр.

ЖЕКПЕ-ЖЕК



ҚОС ТАРЛАН ҮЗДІК ОНДЫҚТА

БҮКІЛӘЛЕМДІК БОКС ҰЙЫМЫ (WBO) БАРЛЫҚ САЛМАҚ САНАТЫНДА ӘЛЕМДЕГІ ҮЗДІК БОКСШЫЛАР РЕЙТИНГІСІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН НҰСҚАСЫН ЖАРИЯЛАДЫ.

Орта салмақта бірінші орынды бұрынғы әлем чемпионы Геннадий Головкин сақтап қалды. WBO International белдігінің иегері Қанат Ислам сегізінші сатыға жайғасты. WBO Global чемпионы Жәнібек Әлімханұлы 15-орыннан қозғалған жоқ. Бірінші орта салмақта өнер көрсететін Жанқош Тұраров 9-орынға орналасты. Екінші орта салмақта WBO Global белдігінің иешері Айдос Ербосынұлы 10-сатыға жайғасқан.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

Қазақстандық джиу-джитсу шеберлері Азия чемпионатында топ жарды. Биылғы құрлықтық дода Моңғолия елінде өткен еді және оған 20 елден 500-ден аса спортшы жиналды.

ТОП ЖАРДЫ

Ал жерлестеріміз 7 алтын, 4 күміс, 5 қола жүлде еншілеп, жалпыкомандалық есепте 2-орынға жайғасты. Атап айтқанда, қазақстандық спортшылар арасынан жеңіл салмақтағы Жеңіс Нұрлыбаев, Жәнібек Әбубәкір және Досбол Жарасовтар қарсылас шақ келтірмеді. Баккуар Хамзе мен Айбар Есенғалиев те алтын жүлдегер атанды. Ал қыздар арасында Әлия Тілепова және Галина Дуванова жеңіс тұрғырынан көрінді. Айта кетейік, жалпы есепте 22 алтын еншілеген Таиланд құрамасы топ бастады. Екінші орында Қазақстан спортшылары болса, үздік үштікті жергілікті жекпе-жек шеберлері түйіндеді.



■ ОСПАНХАННЫҢ ОСПАҒЫ

«АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ, АТА!»

Бір ауылға таяп қалғанда қасымда отырған Еркін:

— Қаны сорғалаған ақиқат әңгіме естігің келе ме, жоқ әлде ағыл-тегіл, асып-төгілп жатқан өтірік әңгіме естігің келе ме? — деп сұрады.

— Шындай қып шымырлатып, өтірігін шынға бергісіз қып шімірікпей айтса, сол өтірікке қарай беттелік, — дей салдым.

— Олай болса, Әдібайдікіне тарт! — деп бұйырды Еркін шоферіне.

Аулада кемінде он шақты ит жүр. Иттігін білдіріп соның біреуі қыңқдеп үрген жоқ. Машинадан түсе қалғанда дәл бір сексеуілдің арасына кіріп кеткендей болдық. Өйткені, ошақтың басына, қол жуғыштың қасына, есіктің маңдайшасына, қақпаның екі басына арбитып-арбитып арқардың мүйізін қаға беріпті. Біз шаң-пұңымызды қағып, беті-басымызды сүртіп, өзімізше дабырласып жатқанда, үйден шашын ақ шалған мұртты кісі жүгіріп шығып, өлең айтқандай



айқайлап кеп амандасты. Жас шамасына қарағанда, сол елудің есігінде жүрген адам, өңі майлаған бидайдай күреңіте жылтырап, тоқтық байқатады. Жүріс-тұрысында сахнаның, бидің қимылы бар, тым ширақ. Өзі де сорғалап тұрған сөз екен, алты ауыз амандық айтудың арасында біраз жерге ағып барып келді. Қауқылдасып үйге кірдік. Кімдерімізді қоянның терісін сыпырғандай жалма-жан шешіп алып, ауызғы бөлмедегі шаңырақтай арқар мүйізіне ілді. Содан бұлың-бұлттың біраз бөлмелердің бәрін басып өтіп, түп-тура төргі үйге ертіп келді де, оң жақтағы төсектің жамылғысын түріп жіберіп:

— Сен, айналайын, қонақ шығарсың, мына Алатау аюының үстіне отыр, — деп маған төрдің төбесіне аю терісінен жасалған есіктің еніндей көрпе төседі.

— Ал, Еркін, сен қасқыр болмасаң да, қасқырдай жігітсің, мына Жоңғардың аңына мін, — деп Еркінге қасқыр терісімен тысталған көрпе тастады.

— Ал, сен, шопыр бала, бойың қарыстай болса да, барыстай баласың, Балқаштың барысына қонжи, — деп оған барыс көрпе салды. Жапырылып жата қалдық.

— Ал, енді мен бес минуттай ұшты-күйлі жоғалып кетем, алаңдамай, қарындарыңды сипап, әңгіме соғып жата тұрыңдар, — деп Әдібай далаға шығып кетті. Үш жыртқыштың үстінде үшеуіміз жап-жалпақ, жап-жалпақ боп сұлап жатырмыз.

— Ал, қасқыр бала, әңгіме айт, — дедім Еркінге бұрылып.

— Әңгімені жаңағы арқардың өзі айтды. Бұ аңшылардың үйінде адамның шын әңгімесі қиыспай, қиыы кетеді. Ал өзі бүлк етпей отырып, астындағы аюды алты күн әңгімелеп береді, — деді ол.

— «Түлкінің қызылы өзінің соры» дегендей, анау түлкіні көрдіңіз бе, жаңа ғана қарға аунап тұрғандай құлпырып тұр. Сорлы соншама көздің жауын аларлық қағына қызыл болмаса ғой, бір жерде нанын тауып, күнін көріп жүрер еді, міне, енді Әдібайдың жаман төсегінің тұсында сойған түлкідей ырсыып тұр. Әй, бірақ, Әдекең тышқанға да түсе береді, — деп барыстың үстіндегі қарыс өзінше философия соғып жатыр. Осы кезде «Ассалаумағалейкүм!» деп, үріккен танадай бір бала кіріп келді. Жаңағы «арқардың» баласы екендігін түрі айтып тұр, амандастық. Ізінше әкесі келіп: — «Ассалаумағалейкүм» демекші, менің бір қызығым бар. Оны енді насыбай атып алып айтпасам, айта алмаймын, — деп шақшасынан сол қолының алақанына насыбайдың бытырадай он шақты түйрін төкті де, саусағымен шымшып алып ба-

рып астыңғы ернінің үстіне мытып жіберді. Сосын шақпақ шаққандай алақанын шарт еткізіп бір соқты да:

— «Болар бала боғынан белгілі» дегендей, мен қыркымнан шықпай жатып осы аңшылыққа құмар болдым. Содан бертін келе ауылдағы атышулы аңшыларға жалынып-жалбарынып жүріп, бір күні солармен бірге аңға шықтым. Тау асып, тас басып, көп жүрдік. Содан тентіреп, осы біздің үйдің биіктігіндей жартастың түбіне келгенде, жігіттер:

— Сен, бала, тап осы жерде тапжылмай, мына жартастың басын көздеп отыр. Біз арғы беттен бір топ арқарды алдымызға салып алып, тура сенің мылтығыңның аузына қарай айдаймыз. Соның бәрі осы жартастың үстінен артыңдағы жартасқа секіріп етеді. Сол аптобозға мінгендей асып-сасып үстіңнен секіріп жатқанда, бір көзіңді қысып алып шытырлатып құлата бер. Бірақ бәрін шетінен қыра бермей, жілігі татитын сорпалығы бар бітеу бүйендерін ат, — деп кетіп қалды. Оқтаудай он алтыншы мылтыққа ортан жіліктей бір оқты сығып салып, тоқ ішектей сұқ саусағыммен шүріппені сипап қойып, жартастың басына қадала қарап отырмын. Тырс етсе, тарс еткізер түрім бар. Дымымды ішімнен алып, кірпік қақпай қадалуым сонша, шемемнен шып-шып етіп суық тер шығып, таңдайым құрғап кетті. Осы отырысыммен бір шай қайнатымдай қыбыр етпедім, жыбыр еткен арқар болмады. Ет асымдай отырдым, баяғы жартас — бір жартас, арқар жоқ. Көп отырып қалдым. Өлгіндегі кірдің суындай бұлыңғыр күн қарауыта түсіп, жота-жотаның үстімен қаңғып бара жатқан бұлттар көріне бастады. Бұ жарықтық таулы жерде бұлт деген бұтыңның арасында жүреді емес пе, дәп самайымның астынан түтілген түбіттей шүйде-шүйде боп өтіп жатыр, арқар жоқ. Арқарды күте-күте жалықсам керек, бір кезде аузымнан суым ағып, балбырап қалғып кетіппін. Сөйтіп жырғап ұйықтап отырғанымда бірдеме дәл төбемнен тасыр ете қалды. Көзімді ашып алсам, жартастың үстінде сақалы сапсынып арса-арса болған бір шал тұр. Ұялғанымнан «Ассалаумағалейкүм, ата!» деп едім, әлгі екі дүниеде көгермегір қақпас тасыртұсыр еткізіп үстімнен бір-ақ қарғыды да, тұяғынан от шығып, дүбірлетіп ала жөнелді. Ұйқылы көзіммен байқамаппын, сөйтсем, әлгі сұмпайым шал емес, арқардың дәл өзі екен. Ізінше жартасқа жүгіріп шығып қарасам, әлгі «шалым» мүйіздері арбадай боп көз жетер жерде сабап барады екен. Мен көздегенше көзден ғайып болды. Әкем қаңғытып тастап кеткендей қатты ыза боп келіп орныма отырдым. Бір кезде алқынып-аптығып жігіттерім жетіп келді. Бірі тұрып:

— Әй, қарабасқыр-ау, неге атпадың жаңағы арқарды? — деді.

— Шал екен деп қалдым. Ауылда шалдар сәлем бермесен, жер-жебіріңе жетіп ұрсады. Қарасам, Әулік ақсақалдан аумаитын бір шал тұр... «Ассалаумағалейкүм, ата!» деп едім...

— Әй, ит-ау, шалың не? Тіпті әкең болса да атпадың ба?

— Әй, шошқа-ау, шалда соншама мүйіз бола ма?

— Әй, құдай төбеңнен ұрғыр-ау, шал сонадан сонаға секіре ме?

— Әй, ақымақ-ау, шалдың төрт аяғы бола ма?! Иттің ғана баласы! Міне, көбігі қалқылмаған бір қазан ет басыңнан аттады да кетті. «Кедейдің ауызы — кер ауыз» деген. Әй, езуінді... Өлгілер осылай жаңағы арқарға кәдімгідей күйінді. Беттеріне қарасам, мені жеп қойғалы тұр. Өздері де телім-телім боп әбден шаршаса керек. Біреуінің арқасында бір құшақ тікен жүр. Қалпақтарын жерге ұрып, жаныма отыра қалып еді, бастарынан бұ бүрқ-бүрқ етеді. Жаным ашып кетті. Енді ғана басылып, етек-жеңіндегі тікендерін тазалай бастап еді, мен қарап отырмай:

— Әй, әлгінде өздерің семіздеуін ат демедіңдер ме? Жаңағы шалдың қай жерін жейсіндер, көк шандыр, — деп бұлтарған болып едім, біреуі күйіп кетті білем:

— О, шалыңмен қосып әкеңнің дәп!.. — деп қатты боқтады... Сондағы жігіттер қазір сол арқардай арса-арса болып қартайды. Осы күнге дейін кездесіп қалса, ұстап алып, бір сағаттай ұрсады, — деп тоқтады Әдекең.

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

ЖАНДАУА

ШАНШУ ҚАДАЛҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Шаншу – жүйке талшығына суық тигенде пайда болатын дерт. Әсіресе ол жаз айларында асқынып, жастың да, жасамыстың да мазасын қашырады. Желкеден төнген желдеткіштен ұрған суық жел шаншу болып қадалып, денеде қалып қойған суық адамның ең әлсіз дене мүшесінің бірін ауру етуі мүмкін. Халқымыз да «Ауруда – шаншу жаман, сөзде – қаңқу жаман» бекер айтпаған. Ендеше, шаншуды үйде емдеудің тәсілдерімен бөлісе кеткенді жөн көрдік.

Шаншу қатты қадалғанда адам тіпті дем ала алмай қалады. Жай ғана күнделікті жасап жүрген қарапайым әрекеттерді орындаудың өзі қиынға соғуы мүмкін. Арқа, бел тұсында басталған ауру сезімі қабырға астына, мықын, санның ішкі бетіне қарай таралады. Отырса тұра алмай, тұрса отыра алмай киналған науқас тез арада ем шараларына кірісуі қажет.

Ара балы

Бал – суықты ең жақсы әрі тез кетіреді. Оны ыстық шайға салып ішу арқылы денедегі суықтан арылуға болады. Сонымен қатар денеге балды сіңіріп жаға отырып массаж жасау арқылы тез сауығуға болады.

Лимон

Денедегі суықты шығару үшін лимон қосып ішкен шайдың пайдасы зор. Тек ол үшін жылы киім киіп, бойдағы суықты терлеу арқылы шығару қажет.



Йод

Шаншу шаншып тұрған жерді йодпен торлау керек. Сонымен қатар қойдың майын жағу арқылы да дерттен айығуға болады.

Спирт

Ауырып тұрған жеріңізді 40 проценттік спиртпен сүртіп, сүлгі қойып, жылы жатсаңыз, оң нәтижесін көресіз.

Лоңқа (банка) қою

Арқаңызға лоңқа (банка) қоятын көршілеріңіз немесе туыстарыңыз болса ол да артық етпейді. Ол ауырсынуды басып, қан жүргізеді және денедегі суықты алып, дене қуатын арттырады. Шаншу жиі ұстап ауыратын науқастар осы ем түріне көп жүгінеді. Алайда денеге лоңқа қоюдың өзіндік емдік тәсілдері, ережесі бар. Мәселен, лоңқа төңкергеннен кейін жуынуға және 10 минуттан артық уақыт ұстауға болмайды. Сонымен қатар бір жерге қайталап қою да денсаулыққа кері әсер етеді. Сол себепті бұл емнің түрін дәрігермен кеңесе отырып жасаған дұрыс.

Қыша қағазын қою (горчищник)

Қыша қағазын қою арқылы ем жасауға да болады. Тек нұсқаулықпен алдымен дұрыстап танысу қажет. Сонымен қатар дәріханалардан қыздырғыш жақпа майларды алып нұсқаулық бойынша қолдансаңыз да артық етпейді. Осы секілді үйде емделер болсаңыз, барынша өзіңізге күтім жасап, денеңізді жылы ұстаңыз. Қайта суықтап қалмауға тырысыңыз.

БІЛЕ ЖҮРІНІЗ

ТАБЫСҚА БАСТАЙТЫН



ЕРТЕ ТҰРУ

Табысты адамдар әдетте құстар секілді ерте тұрғыш болады. Таңғы уақыт бұл – маңызды істерді, маңызды шешімдерді қабылдайтын және жаңа жетістіктерге жетелейтін күннің бір бөлігі. Таңғы 5-те тұруды дағдыға айналдырған адамдар өмірдің ұзақтығын және мәнін түсіне алатындығын дәлелдеген.

КІТАП ОҚУ

Егер сіз күніне теледидар және компьютер алдында өтетін уақытыңызды кітаптан қызықты мағлұмат алуға жұмсайтын болсаңыз, онда сіз достарыңыздың арасындағы ең парасатты адам қатарынан көрінесіз. Алға қойған мақсаттарыңыз өздігінен орындалады. «Жақсы кітап оқымайтын адамның оқи алмайтын адамнан еш айырмашылығы жоқ» деп Марк Твен өз нақыл сөздерінде айтқан болатын.

ЫҚШАМДАУ

Ықшамдау – қажет емес нәрселерді ысырып тастап, тек өзіне қажеттіні ғана айта білу қасиеті. Барлық нәрселерді ықшамдай білу керек. Осы арқылы керек емес дүниелерден құтыла аласыз. Ықшамдай білу қасиеті оңай жұмыс емес, оны игеру үшін көптеген тәжірибе және дұрыс бағыттағы көзқарас керек. Бұл қасиетті игеру қиын болғанымен мұның пайдалы жақтары бар: есте сақтау қабілетін қажетсіз нәрселерден тазартады және уайым мен стресстен арылтады.

АСЫҚПАУ

Күнделікті күйбең тіршіліктің арасында өмірдің рахатын сезіну мүмкін емес.

Өзің үшін белгілі бір уақыт бөліп тынығу керек. Асықпаңыз және өзіңіздің ішкі жан дүниеңізге құлақ түріңіз. Бәсеңдеңіз және мағыналы істерге көңіл бөліңіз. Егер сіз ерте тұруға дағдылансаңыз, онда сіз барлығына да үлгересіз. Сол уақыт аралығында сіз еркін демалып, ойлануға, рухани құндылықтарыңызды байытуға мүмкіндік аласыз. Сіз қол жеткізе алмай жүрген мақсаттарыңызға асықпау арқылы оңай қол жеткізуге болады.

ЖАТТЫҒУ

Қозғалыстың жоқтығы денсаулықты құртады, сол уақыттағы медодикалық, физикалық жаттығулар оны сақтап қалуға көмектеседі. Физикалық жаттығуларға уақыт жоқ деп ойлайтын адамдар ертелекеш ауру үшін уақыт табатын болады. Сіздің денсаулығыңыз – сіздің жетістігіңіз. Арнайы программалар арқылы спортпен үйден шықпай-ақ шұғылдануға, сондай-ақ абонементсіз жаттығу залына баруға болады (мысалы, жүгіру).

КҮНДЕЛІКТІ ТӘЖІРИБЕ

Адам неғұрлым тәжірибе жинақтаса, соғұрлым оның ісі сәтті болады. Кездейсоқтық па? Сәттілік – бұл тәжірибелер мен мүмкіндіктердің кездесетін орны. Талант әрдайым қажет бола бермейді, оның орнын сенің іске икемді болуың баса алады.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Бұл аса маңызды дағдының бірі. Ол басқаларға қарағанда сізді сәттілікке жақындатады. Егер сіздің айналаңызда көптеген жаңа идеясы бар, көңілді, ынталы адамдар болса, онда бұл сіз үшін ең үлкен қолдаудың бірі болмақ. Сіз бұл жерден өзіңізге керекті пайдалы кеңестерді, бір іске түрткі болатын нәрселерді кезіктіріп, шексіз қолдауға ие боласыз. Егер сіз өз жұмысын жек көретін адамдармен араласатын болсаңыз, олар сізге көңіліңіздің қалуы мен күйзелістен басқа не әкелмек? Сіздің өміріңіздегі жетістіктер сізді қоршаған жандардың жетістігімен тікелей қатысы бар десек қателеспейміз.

АЛҒЫС АЙТУ ЖУРНАЛЫ

Сіз өзіңізде бар нәрселерге алғыс айтты, жақсылыққа ұмтылыңыз. Өмірдегі мақсатыңызды анықтау арқылы сіздің мүмкіндіктеріңізді білуге болатынына сенімді болыңыз.

Деректер интернет желісінен алынды

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Гүлнәз ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. АҚЫБАЕВА



Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрілігінде
2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп,
№ 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны
мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде
"Алматы-Болашақ" АҚ филиалы
"Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы,
Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс №1084

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ